Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 49 (1104)

16.12.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ӘЛЕУМЕТ

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, БІЛІМ, ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ, МӘДЕНИЕТ, ДІН, ТІЛ, ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ІШКІ САЯСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ ЖҮНІСХАН ЕРМҰХАН ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТТІ.

Жиында ҮЕҰ өзара іс-қимыл жасау әлеуметтік бағдарламаларды, жобаларды іске асыру, жастардың әлеуметтенуі, жастармен жұмыс жасау жоспарлары мен перспективалары және Жетісу облысында діни экстремизмді насихаттаудың алдын алу бойынша жұмыс барысы жайында екі мәселе қаралды. Қос тақырып бойынша облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Болат Керімбек баяндады.

Жетісу өңірінде 559 үкіметтік емес ұйым тіркелсе, оның нақты 320-ы қызмет етеді. Биыл осы құрылымдар 43 әлеуметтік жобаны жүзеге асыруда. Бұл бағытта бюджет қалтасынан 96,2 млн. теңге қаралған. Мұндай көлемді қаржыға жыл көлемінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Ендігі ретте алдағы жылдың еншісіндегі атқарылар жұмыстардың да тіні тарқатылды. Болат Керімбектің сөзінше, келер жылы ҮЕҰ жұмысына 92 млн. теңге қажет. Бұл сомаға өңірде қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыру, патриоттық шараларды ұйымдастыру, белгілі журналист Бейсен Құранбек мектебін ұйымдастыру, бас бостандығын айыру орындарынан босатылған өңір тұрғындарымен жұмыс жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында ауыз толтырып айтылатын жұмыстар атқарылмақ.

Болат Бақбергенұлы өңірдегі діни ахуал жайында да пысықтай өтті. Облыстың екіге бөліну нәтижесінде Дін істер басқармасы таратылып, қоғамдық даму басқармасы жанынан «Дін саласындағы проблемаларды зерттеу және оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Бүгінде бұл орталық өңірдегі діни тұрақтылықты қалыптастыру бағытында жұмыс істеп жатыр. Себебі өңірде 11 конфессияға бөлінген 250 діни бірлестік пен филиалдар бар. Алдағы уақытта өңірдегі діни ахуалды қалыпты ұстау үшін жұмыс істеп жүрген имамдардың білімін діни ірі оқу орталықтары бар елдерге тәжірибе алмасу үшін оқыту, интернет ресурстарында және әлеуметтік желіде деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу және киберқадағалау, жастар арасында діни адасушылықты болдырмау үшін дінтанушылардың, исламтанушылардың, теолог мамандардың ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру көзделген. Комиссия мүшелері дін саласында атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Комиссия отырысында берілген барлық ұсыныс мақұлданып, қаулы шығарылды. Айта кететін жайт, алты айдан соң аталған жобаларда туындаған өзгерістер мен толықтырулар, атқарылған жұмыстар жайы қайта пысықталады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

НЕГЕ?



ЖЕҢІЛ АСҚА СҰРАНЫС АРТТЫ

Қазіргі таңда дұрыс тамақтанбау мәселесі дүниежүзіндегі басты проблемалардың бірі болып отыр. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің ресми мәліметтеріне сүйенсек, соңғы жылдары елімізде де фаст-фуд тағамдарын тұтынушылардың саны екі есеге артқан. Осыған байланысты жылдам тамақтану орындары да көбеюде. Уақыт тапшылығын сылтауратын адамдар үшін бұндай тамақтану орындары өте ыңғайлы екені анық. Ал кіші және орта бизнеспен айналысатындар үшін бұл нағыз табыстың көзі. Себебі мұндай тамақтандыру орындары жылдам қызмет көрсетеді. Келушілер де мейрамханада ұзақ отырмайды. Соның арқасында жылдам тамақтанатын орындар кәдімгі асхана, мейрамханаларға қарағанда бір тәулікте екі есеге дейін көп пайда табады. Карантин кезінде де мейрамханалар мен кафелерге барушылардың азайғандығы байқалса, фастфудпен тамақтанушылар саны сол қалпында қалған. «Қоғамдық экспертиза» бірлестігінің зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанда фаст-фуд тағамдарын тұрақты пайдаланушылардың 74 пайызы студенттер екен. Яғни, 70 пайыздан астам білімгер өз денсаулығына салғырт қарайды деген сөз. Бұл жайында мамандар дабыл қағуда. Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният «Егер алдын алу шаралары жүргізіліп, фаст-фуд тағамдарын тұтыну азаймаса, алдағы 20-30 жылда елдегі сырқаттар санын қазіргі жастар көбейтуі мүмкін» дейді. Олар фаст-фуд тағамдарына деген құмарлықтарынан семіздікке шалдығып, оның арты диабет пен жүрек ауруларына айналады. Оған қоса психологиялық және химиялық тәуелділік те пайда болады. Өйткені аталған өнімдерді жасаушылар оның дәмін күшейтетін арнайы қоспаларды қосады да, сол арқылы тұтынушыларды өзіне тартады екен. Тез тамақтанудың кесірінен ас қорыту жолдары да қиындайды. Осылайша күн өткен сайын ауру үдей түседі.

Біздің халқымыз әрқашан бірінші байлық – денсаулық деп дұрыс тамақтануға, салауатты өмір салтын ұстануға қатты мән берген. Бірақ бүгінде жеңіл асқа жерік болғандар осы сөздердің салмағы мен жауапкершілігін сезбейтін де, мойындамайтын да сыңайлы. Неге?

Айдана СМАҒҰЛ

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Началась подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

KAZPOST

ЖАЗЫЛУШЫЛАР КҮНІ - 2022

Ағымдағы жылдың 20 желтоқсанында "Қазпошта" АҚ хабарлайды ЖАЗЫЛУШЫЛАР КҮНІ!
Құрметті оқырмандар!
Сізде облыстық және жергілікті газеттердің кейбір мерзімді баспа басылымдарына жеңілдетілген жазылымға жазылудың бірегей мүмкіндігі бар.
Мекен-жайы: Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 53, "Қазпошта" АҚ орталық операциялық учаскесі.

ДЕНЬ ПОДПИСЧИКА - 2022

20 декабря текущего года АО «Казпочта» объявляет ДЕНЬ ПОДПИСЧИКА!
Уважаемые читатели!
У Вас есть уникальная возможность подписаться на льготную подписку на некоторые периодические печатные издания областных и местных газет.
По адресу: г.Талдыкорган, пр.Н.Назарбаева, 53, Центральный операционный участок АО «Казпочта».

КІТАПХАНАДА

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ БАСТАУЫ – ЖЕЛТОҚСАН

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ӘМБЕБАП КІТАПХАНАСЫНДА ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ.

Тәуелсіздік күні қарсаңында өткен жиын арнайы әзірленген бейнеүзік арқылы елі үшін өз тағдырларын құрбан еткен боздақтарды еске алудан басталды. Мұнан соң облыстық кітапхана ұжымының қызметкерлері мен Абай атындағы №1 мектеп-гимназиясының оқушылары шағын көрініс қойды.

Басқосуда «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық қорының мүшесі Қайырбек Сасықбаев елімізге еркіндіктің оңай келмегенін, бұл жолда халқымыз талай ауыр кезеңді бастан өткергенін айтып, ағынан жарылды.

– Мен ол кезде небәрі 17 жаста болдым. 1986 жылы 17 желтоқсан күні жастардың алаңға жиналып жатқанын естіп біз де бардық. Көтеріліске қатысып, оқиғаның куәгері болдым. Әрине, ол күнді еске түсіру оңай емес. Біз Тәуелсіздігіміздің бастауы болған тарихи оқиғаны ұмытпауымыз керек, – деді Салтанат Құсайынова.

Кездесу сәтінде желтоқсаншылар кезек-кезегімен сөз алып, жастарға өз елінің патриоты болуға, тәуелсіздігіміздің қадір-қасиетін бағалауға шақырды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АУДАН ТЫНЫСЫ

ЖАҢА БАСПАНАҒА ИЕ БОЛДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында Алакөл ауданында 60 отбасы жаңа баспанаға кірді. Сөйтіп «Нұрлы жер» бағдарламасымен салынған көп пәтерлі жалға берілетін үй іске қосылды.

Алакөл ауданының әкімі Алмас Әбдинов тұрғындарды қуаныштарымен құттықтап, жаңа пәтер кілттерін салтанатты жағдайда табыстады. Тұрғын үй кезегінде тұрып, үйлі болғандардың басым бөлігі әлеуметтік әлжуаз топтар мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері.

Атап өтсек, көп пәтерлі үйдің құрылысы 2020 жылғы сәуірде басталған болатын. Бес қабатты үйде 30 бір бөлмелі, 15 екі және үш бөлмелі пәтерлер бар. Үйдің жалпы аумағы – 1578,90 м2. Құрылыс жұмыстарын «КомпанияСпецСтрой» ЖШС жүргізді.

Жуырда Алакөл ауданында тағы 20 пәтерлі және 60 пәтерлі екі үй пайдалануға беріледі.

Жалпы Жетісу облысында биылғы жылдың 11 айында 212 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда – 100,5 %. Биылғы жылы бағдарламалардың барлық бағыттары бойынша 1442 отбасы баспаналы болады,

соның 389-ы көп балалы, 481-і – әлеуметтік әлжуаз отбасылар. Осы мерзім ішінде 700 отбасы үйлі болған («Шаңырақ» – 128, «7-20-25» – 55, «Нұрлы жер», сатып алу құқығынсыз жалға берілетін үй – 490, «Бақытты отбасы» – 21, демеушілер есебінен – 6), соның ішінде көп балалылар – 269 отбасы, әлеуметтік әлжуаз отбасылар – 248.

2022 жылы Жетісу облысында 290,5 мың шаршы метр тұрғын үйді іске қосу жоспарланған, соның 41,3 мың шаршы метрі бюджет есебінен, 46,3 мың шаршы метрі – коммерциялық тұрғын үй.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАЙҚАУ

ЖІБЕК МАЛДЫБАЙ

жарыс жеңімпазы атанды

ТУҒАН ТІЛ МЕН ТҰҒЫРЛЫ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ЕРТЕҢГІ ТУ ҰСТАУШЫЛАРЫ САНАЛАТЫН БҮГІНГІ ЖАС БУЫННЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІК, ЕЛЖАНДЫЛЫҚ СЕЗІМІН НЫҒАЙТЫП, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРЫП, ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КАПИТАЛЫН ДАМЫТУ МАҚСАТЫНДА ӨТКЕН «ҚАСИЕТТІ ӨЛКЕ, КИЕЛІ МЕКЕН» АТТЫ ОБЛЫСТЫҚ ШЫҒАРМА БАЙҚАУЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.

Жетісу облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасының ұйымдастыруымен өткізілген байқаудың марапаттау салтанатында басқарма басшысы Ермек Ақшабаев сөз алып жарыстың мақсаты мен міндеті туралы айтып, облыс бойынша 70-ке жуық оқушы байқауға талап білдіргенін жеткізді.

Өз кезегінде сөз алған қазылар алқасының төрағасы, «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әміре Әрін тарихтан сыр шертті.

Байқау қорытындысы бойынша жүзден жүйрік шыққан Талдықорған қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы №10 орта мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Жібек Малдыбай жарыс жеңімпазы деп танылып, I дәрежелі диплом және 100 мың теңгелік сертификатпен марапатталды. Өз кезігінде II және III орын алған, ынталандыру сыйлығына ие болған оқушылар да диплом және ақшалай сыйлықтарды қанжығасына байлады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

МАМАН МІНБЕРІ

Мен жастайымнан ұстаздық жолды таңдадым. Осы қызығы мен қиындығы қатар жүретін салада көптеген бүлдіршінге бақыт, махаббат, қуаныш сыйлағым келді.

БАЛА ТӘРБИЕСІ – ҮЛКЕН БІР ҒЫЛЫМ

Бүгінгі таңда сол арман-мақсатыма жеттім десем болады. Ұстаз деген кез келген қиындықты шеше білетін, балалардың жақын досы әрі ақылшысы болып қана қоймай, жылы сөзімен, мейірімді жүрегімен үйретіп, білімімен сусындатып, жақсы мен жаманды ажырататын және биік шыңдарға жетелейтін үлгілі тұлға болуы абзал. Сондай-ақ оқушыларды адамгершілік, отансүйгіштік қасиеттерге баулып, қайырымды, мейірімді болуға шақыру керек.

Мен ұстаз болмасам да қазіргі таңда балабақшада тәрбиешімін. Бұл мамандық та ұстаздықтан алыс емес деп ойлаймын. Ендігі арманым білікті тәрбиешілер қатарынан көріну. Балабақшадағы бүлдіршіндерді заманауи, қазіргі күнге сай етіп тәрбие беру. Қазақ болып туғаннан соң өз елімнің, жерімнің салт-дәстүріне сай бай тілімен тәрбиелегім келеді. Балабақшадан бастап, балаға ана тілінде тәрбие бергім келеді. Себебі ана тілінде оқып, салт-дәстүрді, қазақи менталитетті сәби күнінен бойына сіңіріп өссе, өскенде ұлтқа адал қызмет етеді деп ойлаймын.

Маржан НЕМЕРЕБАЕВА,
Көлбай ауылы «Әдемі-ай» балабақшасының тәрбиешісі.
АЛАКӨЛ АУДАНЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ РК

ПРИНЯЛ НОВОГО ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ВЕРХОВНОГО СУДА КАЗАХСТАНА

Как передает Sputnik, Глава государства принял нового председателя Верховного суда Казахстана Асламбека Мергалиева. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев встретился в Акорде с руководителем Верховного суда республики, сообщает Акорда.

В ходе встречи были обсуждены вопросы развития судебной системы.

Председатель Верховного суда поделился своим видением концептуальных направлений совершенствования судебной системы с целью обеспечения верховенства права и повышения доверия к судам.

Касым-Жомарт Токаев отметил необходимость дальнейшего повышения качества правосудия и реализации мероприятий по модернизации судебной системы, обозначенных в его Послании народу Казахстана, подчеркивается в сообщении.

ОБРАЗОВАНИЕ

Увольнять ответственных лиц будут за необеспечение безопасности в школах – министр Аймагамбетов. В некоторых областях акиматы и управления образования не контролируют вопросы безопасности в школах на должном уровне. Об этом сообщил министр просвещения РК Асхат Аймагамбетов на аппаратном совещании в ведомстве, передает корреспондент МИА «Казинформ».

БУДУТ УВОЛЬНЯТЬ ОТВЕТСТВЕННЫХ ЛИЦ

С докладом о состоянии безопасности в школах выступил вице-министр Гани Бейсембаев.

«Для обеспечения безопасности в организациях образования объекты оборудуются системами видеонаблюдения, лицензированной охраной, системами сигнализации и турникетами. Из организаций среднего образования в крупных городах на территории республики охвачены 1 315 объектов. Заключили договора со специализированными охранными службами 83%. Самые низкие показатели отмечаются в Костанайской, Северо-Казахстанской и Туркестанской областях. Кроме того, установка турникетов на уровне 63%. Здесь самые низкие показатели зарегистрированы в городе Алматы, Туркестанской, Западно-Казахстанской, Жамбылской, Актюбинской, Северо-Казахстанской, Восточно-Казахстанской областях», – сказал Г. Бейсембаев.

По его словам, системы видеонаблюдения установлены в 100% организаций образования. Но подключен к центрам оперативного управления органов внутренних дел только 51%. Данный вопрос должен быть решен до конца текущего года. Это даст возможность обеспечить безопасность, защиту прав несовершеннолетних.

В свою очередь, министр АсхатАймагамбетов отметил, что в некоторых областях акиматы и управления образования не контролируют вопросы безопасности в школах на должном уровне. Поэтому предлагается привлекать к ответственности виновных в этом лиц.

«Мы поставим этот вопрос на уровне Правительства. Если до конца года эти задачи не будут решены, будем требовать увольнения ответственных сотрудников. Безопасности детей нужно уделять особое внимание», – сказал А. Аймагамбетов.

URLANGAN.KZ

ЗА НЕСКОЛЬКО МИНУТ МОЖНО ПРОВЕРИТЬ...

Urlangan.kz – электронный реестр краденных телефонов заработал в Алматы. За несколько минут можно проверить легальность техники.

В Алматы заработал первый в стране реестр краденых телефонов. Его создали прокуратура города совместно с алматинской палатой предпринимателей «Атамекен». Инновационный проект специалисты презентовали сегодня на встрече с предпринимателями одного из торговых домов мегаполиса, передает пресс-служба региональной палаты предпринимателей города Алматы.

По словам представителей прокуратуры, с начала года в городе участились случаи краж телефонов, smart watch, ноутбуков и прочих гаджетов. Всего по городу зарегистрировано порядка 15 тысяч хищений. Сказывается это и на предпринимателях, которые перекупают смартфоны с рук. Чтобы защитить предпринимателей и покупателей от неудачных сделок, специалисты прокуратуры и палаты создали онлайн-базу.

«Электронный реестр поможет выявить сомнительный товар. Если данные телефона будут набраны в онлайн базу, и он окажется краденным, все данные сохранятся в реестре автоматически. Это действенный механизм защиты предпринимателей и покупателей. Теперь предприниматели не будут рисковать при покупке подержанных гаджетов», – сказал директор Алмалинского филиала РПП г. Алматы Темирлан-Мадиев.

Чтобы узнать не числится ли покупаемый гаджет в розыске, необходимо ввести IMEI-код на сайте urlangan.kz. Если телефон чист, то можно смело его приобретать, если же он оказался краденным – необходимо сразу обратиться в прокуратуру.

«На сегодняшний день это сократит продажу краденых телефонов, техник. Теперь любой житель может через данный наш сайт проверить находится ли данный телефон в розыске, как краденный. Это удобно также и представителям бизнеса. Наши граждане, которые даже покупают через соцсети, тоже могут проверить. Официально этот сайт работает», – сообщил официальный представитель городской прокуратуры Нурсултан Жиделбай.

На этой базе есть более 100 тысяч серийных номеров электронной техники. Тут и мобильные телефоны, смарт часы, планшеты, ноутбуки, телевизоры. Все, кто ранее обращался с заявлением в официальные органы полиции, их данные зарегистрированы в этом реестре.

Продавцы уверены, что новый проект значительно сократит продажу краденыхтелефонов. И предложили включить вкладку «Ищу телефон», куда граждане могут оставить свой запрос по утерянному гаджету.

«Предприниматели – важное составляющее нашего мегаполиса. И задача палаты в оказывании всесторонней поддержки бизнесу. Мы постоянно работаем над тем, чем мы были бы полезны бизнес среде. Такие совместные проекты с государственными органами действительно эффективны и мотивируют на новые проекты», – отметил директор РПП г. Алматы Айтуар Кошмамбетов.

Напомним, идею создания реестра представители прокуратуры и Палаты предпринимателей Алматы озвучили в конце октября, совместными усилиями была создана целая база. Теперь создатели панируют интегрировать реестр по всей стране, чтобы граждане могли воспользоваться единым сайтом и проверить покупаемый гаджет.

Ш. ХАМИТОВ.

ПРОЕКТ

УПРАЗДНЯТ МИГРАЦИОННУЮ СЛУЖБУ И АДМПОЛИЦИЮ

НА ПОРТАЛЕ «ОТКРЫТЫЕ НПА» ОПУБЛИКОВАН ПРОЕКТ ПОСТАНОВЛЕНИЯ ПРАВИТЕЛЬСТВА, СОГЛАСНО КОТОРОМУ В КАЗАХСТАНЕ ПЛАНИРУЮТ УПРАЗДНИТЬ ДВА КОМИТЕТА, ВХОДЯЩИЕ В СОСТАВ МВД. РАСПУСТИТЬ ПЛАНИРУЮТ КОМИТЕТ АДМИНИСТРАТИВНОЙ ПОЛИЦИИ И КОМИТЕТ МИГРАЦИОННОЙ СЛУЖБЫ МИНИСТЕРСТВА, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

Таким образом, в МВД останутся два ведомства – главное командование Национальной гвардии РК и Комитет уголовно-исполнительной системы.

В пояснительной записке к постановлению сообщается, что упразднение комитетов не требует дополнительных затрат или изменения законодательства.

В проекте документа говорится, что упразднение проводится по поручению Президента о создании в МВД Служб по аналогии с другими правоохранительными органами (ГП, АПК, КНБ).

«Реализация проекта не потребует дополнительных финансовых затрат из государственного бюджета. Категория оплаты труда и предельные специальные звания председателей комитетов и их заместителей останутся без изменений. Принятие проекта не повлечёт негативных социально-экономических и (или) правовых последствий. Принятие проекта МВД позволит реализовать принцип единства подходов к организации прохождения правоохранительной службы, унифицировать организационную структуру МВД, социальное и материальное обеспечение сотрудников по аналогии с другими правоохранительными органами, перестроить работу преобразованных подразделений МВД, обеспечив самостоятельность и повысив уровень ответственности их руководителей при принятии решений, привлечь для замещения этих должностей квалифицированными кадрами с большим опытом», – говорится в документе.



Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР

ҚАБАНБАЙ БАТЫРҒА

арналған айтыс өтті

Қаракерей Қабанбай батырдың 330 жылдық мерейлі мерекесі ғылыми конференциямен басталып, аламан айтыспен аяқталды.

Жоңғар басқыншыларына қарсы соғыста даңқты қаhармандардың бірі болған Ерасыл батырдың ерлікпен аты шыққан кезде халық қойған лақап аты Қабанбай болған.

Қабанбай қатысқан ауқымды соғыстардың алғашқысы 1718 жылғы Аягөз шайқасы. Осы соғыста асқан ерлігімен көзге түсіп, 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды» кезінде қарулас достары Елшібек, Бердіғожа, Малайсары батырлармен бірге Түркістанды қорғауға қатысқан. Абылай хан ордасының ішкі-сыртқы саясатын толық бастан-аяқ қолдаған хас батырдың тарихтағы ерлігі, аңызға айналған нар тұлға жайлы «Дарабоз батыр – Қабанбай» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушыларға Жетісу облысы әкімінің орынбасары Рүстем Әли қонақтарға жылы лебізін білдірді. Бұдан кейін Артықбаев Жамбыл Омарұлы, Камал Әбдірахман, Нұржұма Елесбай, Еңсенов Қанат Әлібекұлы, Қарамаңдаев Қайрат Сағатайұлы Қабанбай батырдың ұрыс даласында жасаған сан ерліктері жайлы баяндама жасады. Конференциядан кейін Қабанбай батыр рухына ас берілді. Айтыстың ашылу салтанатында Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев ақындарға сәтті қадам тілеп, ізгі ниетін білдірді.

Жетісу облысында өткізілген бұл айтыстың әу бастағы бағыты Қаракерей Қабанбай батыр мен би шешен, әулие атанған күллі қазақ халқына қауіп төнген XVIII ғасырда ел қорғаған Ескелді би Жылгелдіұлына да 330 жыл толуына орай екі тұлғаның құрметіне республикалық ақындар айтысы біріктіріліп өткізу жоспарланған-ды. Маусым айына жоспарланған додалы жыр сайысы Алматы облысының бөлінуіне байланысты кейінге шегерілгенді. Одан кейін қазан айында өткізіледі деп республикаға сауын айтылып, айтыскерлер шақырылып қойғанда жыл басында бөлінген қаржы облыстың бөлінуіне орай кешеуілдегендіктен жыл аяғы желтоқсанның 7-де өтті. Қуырдақтың көкесін айтыс болады дегенде көрдік. «Бүйректен сирақ шығарған Қабанбай батырдың ұрпақтары «Біз бабамыздың тойын Ескелді бимен біріктіріп өткізбейміз» деп бұра тартты. Екеуі де қазақтың нар тұлғасы, бірі әулие, бірі нар батыр, Ескелді би де соғысқан, бөліп жаратын ешнәрсе жоқ, айтыс екі тұлғаға арналады, бөлінген қаржы 10 миллион дегенге көнбеген Найман атаның ұрпақтары ақыры дегендеріне жетті. Тіпті айтыстың ішкі асханасына дейін араласуға барды. Біз «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» демократиялы ел боламыз десек, мұндай рулық кеселден айырылмайтын болсақ, ел болып қалыптасуымыз екі талай болады-ау.

Сонымен «сиырдың бөлшегіндей бөлектеніп» Ескелді биді бөліп тастап, оның мерейлі мерекесін тойлауды келер жылға қалдырып, Қабанбай батырға арналған айтыс басталды. Ырылдасып-дырылдасып жүріп, әу баста бекітілген бес қазылар алқасына тағы екі әділқазыны қосып, он ақынға жеті бағалаушы тағайындап, басталған айтыс орта деңгейде өтті. Үш мәрте айтыс өтеді деп шақырылып, жолға алған билеттерін қайта-қайта өткізген айтыскерлер де сахнада өкпе-реніштерін ақтарып салды. Айтысқа республиканың әр аймағынан он айтыскер келді. Батыс Қазақстаннан Мұрадым Мирланов, Ақтөбе облысынан Данияр Алдабергенов, Жамбыл облысынан Асхат Қылышбеков, Ақмола, Қостанай, Алматы, Жетісу аймағынан Сырым Әуесхан, Жалғас Мақсұтов, Аяулым Жұмабекқызы, Абзал Жұмабек, Жандарбек Бұлғақов, Астана, Алматы қаласынан Арзыгүл Қайыңбек, Аягөз Серікқызы жыр додасына түсті. Қазылар құрамында белгілі айтыскер Балғынбек Имашев, ақын, Жазушылар одағының мүшелері Ахмет Кендірбек, Әміре Әрін, Жангелді Немеребаев, Күмісжан Байжан, Нүсіпбай Әбдірахым, Серік Қалиев болды. Жеребе бойынша алғашқы жұп болып сахна төріне көтерілген Алматы облысының айтыскері Жалғас Мақсұтов пен Алматы қаласының ақыны Арзыгүл Қайыңбек арасындағы жыр бәсекесі қыз бен жігіт арасындағы айтысқа өрбіді. Тақырыпты да, әлеуметтік мәселені де қарсыласты қағыта отырып, әдемі айтыс жасаған Жалғас суырып салу мәнерін толық меңгерген. Өзіндік айтысу стилі қалыптасқан айтыскер екенін осы жолы толық дәлелдеді. Қарсыласы Арзыгүл кеше қой бағып жүрген бала едің деп қағытқанда:

Жалғас МАҚСҰТ:

Қойшы болу қазақта мол еңбек қой,
Қойшыларда айтатын өлең көп қой.
Қойларға емес, шошқаға ақша шашып,
Үкімет қойшыларды шегермек қой.
Жылқыға бөлінетін бір тиын жоқ,
Шошқа бақсаң көп ақша төленбек қой.
Төрт-түлігің тұрғанда көтерем боп,
Шошқаға теңге бөлу тек ермек қой.
Бұл істі осы жерден тоқтатыңдар,
Тамырын одан әрі тереңдетпей .
Айналайын үкімет тыңда бізді,
Шошқаны шопандарға кедергі етпей.
Қой етімен қоректендір қазағымды,
Сасып жатқан салыға елеңдетпей.
Қабанбай Құбас атпен жауды қуған,
Осыған да отыр ма өрең жетпей.
Қаржыны бөлер болсаң жылқыға бөл,
Шошқадан мал төресін төмендетпей.
Қабанға қарсы шапқан Қабанбайлар,
Ұрпағым шошқа бақсын деген жоқ қой,

– дей келе,

– Шабайын енді алдыма қара салмай,
Жүйрікке оза шабу жарасардай.
Дәуіттің де бір-ақ ұлы болған ғой деп,
Арзыгүл біздерменен таласардай.
Дәуіттің отыз ұлы болған екен,
Әрбірі шыңға шығып тау асардай.
Отыз ұлын Жаратқан бір күнде алып,
Күңіреніп кетіпті дала сондай.
Отыз ұлға татитын бір ұл беріп,
Жаратқан жүрегіне жара салмай.
Солайша Сүлейменмен жұбаныпты.
Аңызды білмейсің-ау шамасы ондай.
Кешегі Найман шалдың қызы емес пе ең,
Даналық жасасаңшы дана шалдай.
Шамаң барда шарықтап қалмайсың ба,
Жолдасыңмен жүрсің бе, жараса алмай.
Әрекет етсеңдерші екі жақтап,
Екеуден қалып қомай әрі аса алмай.
Өзіңнің бойындағы жалқаулықты
Әзіреті Пайғамбарға жаба салмай – деп

Арзыгүлдің «Атбайларым мен тақия тігерім бар» деген уәжіне осылай жауап берді.

Құдайдың берген екі баласы бар, сен болсаң әлі қу тізеңді құшақтап, жұбыңды таба алмай жүрсің. Қабанбайдай қара баламын дейсің, Қабанбайдай болу үшін таудай болуың керек қой деп Арзыгүл де сөздің сүңгісімен түйреді.

Арзыгүл ҚАЙЫМБЕК:

– Жалғасқа енші бөліп жырдан бүгін,
Көрейік желден озса жылдамдығын.
Қарғам-ау, Қабанбайға теңеу үшін,
Таудай болу керек қой тұлғаң бүгін.
Сен өзі Қабанбайды білесің бе?
Хан батыр болып билік құрғандығын.
Атанып Абылайдың бас сардары,
Алашқа тұтқа болып туғандығын..
Жеріне ентелеген қалмақтарды,
Қалдырмай бел асырып қуғандығын.
Ел үшін сексен жаста атқа мініп,
Садырды желкесінен жұлғандығын.
Ал, енді, сен балаға қарап тұрсам,
Шамалы белді бекем буғандығың
Бойдағы албастыңды деген сөзді
Албасты деп түсінбей тұрғандығың.
Мен сені Қабанбайға теңер ем ғой
Көрінсең аласармай қырдан бүгін
Ер бабам елге істеген тірлігінің
Іріліғінен көрсетсең мыңнан бірін, – деп

сұр бойдақтығын бетіне басқан Арзыгүлге Жалғас әдепті жауап қайырды.

Жалғас:

– Қосылмай жүрсің дейсің жұбыңменен
Жараны тырнай берсең іріңдеген
Қарағым білесің ғой, бұйырмаса
Қармаққа алтын балық ілінбеген
Бұйырған күн бір қызға үйленермін
Ақ некемді қидырып түбінде мен
От болатын, шоқ болатын жастамын ғой
Жасым бар жиырма бесте гүрілдеген
Отызда орда бұзам, қара да тұр
Мен әлі қыз-қырқыннан түңілмеп ем
Дәп саған күйеу бала болмасам ба
Найманның бір қызын ап, күлімдеген
Күмісжандай апамды ертіп алып
Көшіріп әкелемін жүгін де мен
Сенің жаның екі баламен тоқтап қапты
Тазыдай аңға салса жүгірмеген

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӨНЕР

Алла берсе көп балалы боламын мен
Сондықтан от көсеме тілінменен
Кешегі сенің атаң найман шалдай
Түске дейін түнлігі түрілмеген, – деген Жалғас Арзығүлден басым түсті. Бұдан кейін сөз бәсекесінде жетісулық Жандарбек Бұлғақов пен Қостанай облысының намысын қорғаған Сырым Әуесхан айтысты. Жыр көкпарын жұлқып тартқан Сырым Жандарбекке «Әу баста екі тұлғаға арналған айтыс еді. Ескелдіні бөліп тастапсыңдар. Рушылдық дерт Жетісуда асқынып тұр екен, былтыр қаңтарда Нұрсұлтан Назарбаевтың ескерткішін құлатып тындыңдар. Талдықорған ел-жұрты жуас десек, жуастан жуан шықты, енді тас тұғырға кімді қоясыңдар?» деп тілінің тікенін қадады. Жандарбек те Сырымның танауын Павлодардағы қыстың күні жарылып жатқан құбырға теңеп, сендей «анемиядан» жауға шабар ер шықпайды. Қабанбайдың мінген атының қиын тазаламасаң» деп сілікпесін шығарды.

Сырым ӘУЕСХАН:
– Құдай берген мұрыным пұшық болды-ау,
Пұшық мұрным көзіне түсіп қалды-ау.
Екібастұзда жарылған құбырды айттың.
Қайтейін, қайран халық үсіп тоңды-ау.
Халықтың мұң мен зарын байқамаған,
Үкімет қанымызды ішіп болды-ау.
Сол құбырға қарайтын бастықтардың,
Көздері сенікіндей қысық болды-ау, – деген Сырым Қабанбай батырды жырына арқау етті.

Сырым:
– Басқа түгіл Абылай хандарың да,
Сеніпті Қабанбайдай сардар ұлға.
Жүз үш рет шайқасып өле өлгенше,
Жойыпты жоңғарын да, қалмағын да.
Қазақта Қабанбайдай батыр жоқ деп,
Айтыпты Мәшһүр Жүсіп шалдарың да.
Айта берсек ерлігі таусылмайды,
Құжат боп тұрған тарих тармағында.
Ол кезде қанша қолды басқара алса,
Сонымен білген батыр салмағын да.
Мыңбасы болған батыр Қабанбайдың,
Талай ерлер топтасқан жан-жағында.
Қазір ешкім сенбейтін жігіттер бар,
Ниеті арам болған соң, ар жағында.
Сондай ерлер үлгі алсын Қабанбайдан,
Айналған көш бастаған арлан ұлға.
Халықтың басын қосу оңай емес,
Ол ісі тұратындай таң қалуға.
Батырлығы жоңғарды жеңгенде емес,
Қазақты біріктіре алғанында.

Той жасап Ерасылдай ерің үшін,
Ағайын артып жатыр кең ырысын.
Қабанбайдай батырлар тұрған кезде,
Қазақтың көрген жан жоқ жеңілісін.
Ассалаумағалейкум Жетісуым,
Жеруйыққа ұқсаған көрінісің.
Әлемнің жеті бірдей кереметі,
Жетісуға жетпейді менің үшін.
Өйткені, сен толғатып мені туған,
Менің аяулы анамның өңірісің.
Сондықтан өз анамдай сүйем сені,
Құр мақтап отырғам жоқ көңіл үшін.
Көңілің баяғыдай кең екен ғой,
Кішірейіп қалғанмен облысың.
Осы айтыстың боларын көп күттім мен,
Өзіңе алып-ұшып келу үшін.
Аязға да қарамай жетем саған,
Ып-ыстық құшағыңа ену үшін.
Ең керемет адамды туып берген,
Ең керемет өлкені көру үшін.

Жандарбек сен бұрыннан таныс едің,
Әжуаң бітпепті ғой, әлі сенің.
Ол рас диагнозым анемия
Бұрын бірақ аурудан алыс едім.
Әйтеуір өзіңменен танысқалы,
Тоқтамай уыс-уыс дәрі ішемін…

Айтам деп Ескелдіге талай мадақ
Ақындар Жетісуді маңайламақ
Мерейтойын наурызда тойласаңдар
Ол да бір қуанышқа орай болад (ы)
Бастысы сол тойға аман жетейікші
Қаңтардан аман өтіп абайлап-ақ.
Сол қаңтар қайталанып кетпей ме деп,
Еске алып сол күнді әлі бәрі ойланад (ы).
Егер менің жүрсеңдер ақылыммен,
Оның тойын өткізу оңай болад (ы),
Желтоқсанды бітіріп, қаңтар емес
Наурызды бастап кетсек қалай болад.
Айттың ау жылқым жайлы, ғұрпым жайлы,
Бұл сөзге Сырым ақын құр тұрмайды.
Жылқының жұмысынан қашпаймын мен,
Қазақы табиғатым құртылмайды.
Мал ұстаймын, қорам бар өз үйімде,
Екі қолым шаруадан бір тынбайды.
Құбас атын баптаған Қабанбайдай,
Намысым жылқы десе шын тулайды.
Алыстан ат дүбірін естігенде,
Делебемді қоздырған шіркін бәйгі.
Жазылып белдің құрыс-тырыстары,
Атқа мінсең, денеңіз шылқылдайды.
Қазір көп еркектерден қуат кетті,
Қылшылдайтын жасында мыңқылдайды.
Атқа да, әйелге де билігі жоқ,
Тақымы бос жігітті кім тыңдайды?
Жүген мен құйысқанды айырмайтын,
Жүрміз ғой тәрбиелеп қыртымбайды.
Ертең солар ер емес, ез боп өссе,
Көреді көп кешікпей ұлтым қайғы.
Атқа мініп көрмеген әкелерден
Ел тізгінін ұстайтын ұл тумайды, – деген Сырым ақының рулық жайлы айтқан сынына Жандарбек қарымта жауап қайырды.

Жандарбек:
– Ол рас, бізде рулар бөлінеді,
Сырт көзге біріккен боп көрінеді.
Ұлтына тиіскенде үндеместер,
Руына тиіссең еліреді.
Бір рудың қазағы басшы болса,
Сонымен мақтанады төңірегі.
Бір ру бабасына той жасаса,
Келесі ру қосылмай керіледі.
Бір рудың қазағы атақ алса,
Келесі ру жыртылып сөгіледі.
Рудың деңгейінен аспағандар,
Ұлттық мүдде жайлы не біледі.
Қабанбайлар бір ғана найман емес,
Қаймана Қазақ үшін өліп еді.
Ескелді жалайырды Сыр бойынан,
Жетісуға көшіріп келіп еді.
Бабалар тозған елді топтастырып,
Бастарын біріктіріп беріп еді.
Сиырдың бүйрегіндей бөлшектеніп,
Ұрпақтары бір-бірін кеміреді.
Осы әдетті қоймасақ осы бастан,
Абыройың айрандай төгіледі.
Шибөріге жем болып кетесіңдер,
Жетісудың бөлінген бөрілері, – деп қаңтар айында көтерілістен құлаған Назарбаев ескерткішінің орнына Абай ескерткіші қойылатын айтты.

Жандарбек:
Ойнайсың ескерткішпен қалай-қалай,
Тыныш отыр басыма қан айдамай.
Президенттің мүсінін құлаттың деп,
Оғыңды ата бердің маған қарай.
Жас балалар құлатты-ау эмоциямен,
Жан-жағынан деген соң давай-давай.
Ол орын бос қалмайды уайымдама,
Әр түрлі кандидатты қарай-қарай.
Абайдың ескерткішін қоймақшымыз,
Үлгі боп жарқыраған шарайнадай.
Абайға қарап халық бой түзесе,
Ойды түзеу болады талайға оңай.
Еліміз енді өркендеп кетер ме екен,
Енді ешқандай бүлік пен лаң ойламай.
Абайды ешкім әдейі құлатпайды,
Құлатып ап жүрмесек абайламай, – деген Жандарбек те екінші айналымға алқынбай өтті. Үшінші кезекте астаналық Аягөз Серікқызы мен ақтөбелік Данияр Алдабергенов арасындағы бәсекеде Даниярдың үстемдігі басым болды.

Данияр АЛДАБЕРГЕН:
– Кетпесе ұят жұрттан, намыс ұлттан,
Қазақты ала алмайды жауы сырттан.
Жетісу мен өзіңе таң қаламын,
Тудырған ұл-қызыңның бәрі сырттан.
Ескелді, Қаблиса, Балпықтардың,
Жүрегінен даланың зары шыққан.
Абылайға ақыл айтқан Көтен тәуіп,
Ұлттың қамы дегенде жаны шыққан.
Тынышпаев, Орманов, Төлебаев,
Данияр тарихыңмен танысып таң.

Тербеткен бар қазақтың жазирасын,
Бұл жерде Саралардың әні шыққан.
Ақан болып жоқтаған Құлагерді,
Алаштың Ілиястай бағы шыққан.
Кезіндегі «Мамания» мектебінен,
Айбынды ұлттың талай нары шыққан.
Патшаны үкілеген Жетісудан,
Пайғамбардан басқаның бәрі шыққан, – деп Жетісудың жақсы мен жайсаңдарын тіліне тиек еткен Данияр, Аягөз Серікқызын аялап айтысты.

Аягөз де Даниярдың қас-қабағын бағумен болды. Әсілі айтыс деген аты айтып тұрғандықтан, ақындар бір-бірін сыйлай отырып та тама айтыстың үлгісін көрсетуге болар еді.

Аягөз СЕРІККҚЫЗЫ:
– Айбынды батыр бабам-ай,
Айқасқа кіріп жар салған.
Қазаққа қорған болам деп,
Қолына қылыш, қамшы алған.
Бахадүр батыр сен едің,
Тарихқа даңғыл жол салған.
Даңқты дарабозым деп,
Абылайхан да тамсанған.
Қалмаққа қарсы шыққанда,
Қанжарыменен қан сауған.
Қазақты азат етем деп,
Қашпадың әуре-сарсаңнан.
Ең соңғы демі қалғанша,
Еркіндік үшін жан салған.
Ажарың неткен рухты еді,
Ажалды күліп қарсы алған.
Біз неткен бақытты ұрпақ ек,
Тойыңа келіп ән салған.
Қанымен келген бабамның,
Зарымен келген анамның,
Аяулы азаттығыма,
Мәңгілік қорған болшы Аллам
Келешегінді ойлаған.
Кемеңгер туған даналар.
Алпыс жыл аттан түспеген,
Қабанбай сынды қара нар.
Намысы өткір нар кескен,
Қазақты ойлап қан кешкен,
Қорамсақтағы жебесі,
Қалмаққа барып қадалар.
Ал бүгінгі ұрпағың
Батыр деп кімді бағалар,
Қабанбайдай батырдан,
Үлгі алып жүрсе ағалар.
Жыламас еді аналар,
Тоңбас ед (і), бала-шағалар.
Біресе қоймаң жарылып,
Біресе құбыр жарылып,
Отыз жастағы Отаным,
Жыртығың қашан жамалар.
Жемқорлықты қоймасаң,
Тамырыменен жоймасаң,
Дүниеге жар салып,
Дүшпанның өзі табалар.
Жағдайы жалпақ жұртымның,
Жанымды менің жаралар.
Ұрпақты ойлар тегінде,
Көбейе берсін елімде,
Қарынның қамын ойламас,
Қабанбай сынды бабалар, – деді.

Бұдан кейін сахна төріне көтерілген жамбылдық Асхат Қылышбеков пен оралдық Мұрадым және көкшетаулық Аб-зал Жұмабек пен Алматы облысының ақы-ны Аяулым Жұмабек арасындағы айтыстар орта дәрежеде өтіп, қазылар құрамының ұйғарымымен екінші айналымға Жандарбек Бұлғақов пен Данияр Алдабергенов, Аягөз Серікқызы мен Жалғас Мақсұтов айтысты. Екі ақын арасындағы сөз сында Данияр Жандарбектен «Сен Ақтөбеге барғанда бәйге бергенбіз, енді сенің кезегің келді» деп жол сұрады. Жандарбек қарсыласына мықты болсаң айтысып, тартысып ал. Сұраншақтанып отырсың, қалауың бәйге болса қазылар беріндер, сұрап алғанның қадірі болмас деп бет қаратпады. Аягөз бен Жалғас арасындағы айтыста Жалғас қарсыласына бет қаратпай шаң боратып шауып өтті. Ұпай сандарының теңелуіне байланысты үшінші айналымда Жандарбек пен Жалғас айтысты. Екі ақын да тең ұпай санымен мәреге жетті. Сонымен алажаздай жыр болған айтыс та аяқталды. Қазылар құрамы-ның ұйғарымымен айтыстың Бас жүлдесі екі миллионды Жандарбек Бұлғақов, бірінші бәйге бір жа-рым миллионды Жалғас Мақсұтов, екінші бәйге бір миллионды Данияр Алдабергенов, үшінші орын, жеті жүз мың теңгені Аягөз Серікқызы қанжығасына байласа, бес жүз мыңнан арнайы жүлдені, екі ақын Мұрадым Мирланов пен Сырым Әуесхан еншіледі, қалған айтыскерлер үш жүз мың теңгемен марапатталды.

Жалпы айтыстың бағыт-бағдары туралы алдағы мақалаларда кеңірек тоқталатын боламыз.

Айтақын МҰХАМАДИ

Дүйсенбі - Понедельник, 19 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.30Әнұран
06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25 «Күй-керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.05 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен...»
15.00 Футбол
17.15, 02.55 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 «Сана»

ХАБАР

05.00«Қызық таймс»
06.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті»
10.30 «Бір кітап»
10.35 М/с «Монстр в париже»
12.00, 20.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00 Мегахит «Иностранец»
18.00 Новости
19.00 Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Біз»
23.00Сериал«Бабочки и птицы»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.45,00.20 «Шырмалған шындық»
13.30 «Время действий» ток шоу
14.40 «ОКНО ЖИЗНИ»
17.00 Д/ф «Сырты бүтін»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 01.40 «Громовы. Дом надежды»
20.00 «Astana Times»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Соленый поцелуй»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-16»
00.20 «Женское дело»

КТК

07.05, 01.50 «Тоғжан»
07.30, 02.00 «Тоғжан»
08.15 «Почти вся правда»
12.00 «Успеть все исправить»
16.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 «Зәкира»
19.30,03.30, 04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 02.45 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 «Гадалка»
23.40 «Спецназ»
01.20 «Было дело»
04.00-04.30 «КТК қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
12.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Жаңа Қазақстан»
14.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
14.30 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00, 00.10 Сериал «Повелитель солнца»
10.30 «31 әзіл»
11.30 Мультсериал
13.10 Кино «Семейка Аддамс»
15.10 «Инферно»
18.00 Кино «Универсальный солдат»
20.00 «Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
22.50 «Дэнни цепной пес»
01.00 «Анупама»
01.40 «Врач»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.10, 00.20 «Жайдарман»
09.00 Т/с «Трюфельный пес королевы Джованны»
12.50 «Келесі кім?»
13.20 «Мезгілсіз сезім»
14.15, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10, 21.30 «Саған сенемін»
16.10, 23.20 «Психологини»
17.20 «Доктор Надежда»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Алтарь тристана»
01.20 «Тек қана қыздар»
02.10 Т/х «Япырай»
03.00 «Тамаша 7 км»

Сейсенбі - Вторник, 20 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 03.00 AQPARAT
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен»
15.15 «Тұлға»
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.30 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.10 «1001 түн»
00.30 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «На исполнении»
10.30 «Одна книга»
10.35 Мультсериал
12.00, 21.00Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Бабочки и птицы»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Біз»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.20 Т/х «Жетім жүрек-2»
12.00, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30«Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.00 «Ел тірегі»
17.20 «Бақыт құшағында»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 01.40 «Громовы. Дом надежды»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 «Своя земля»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-16»
00.20 «Женское дело»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Жаңалықтар
08.00, 01.50 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20, 01.10 «Было дело»
12.00, 23.40 «Спецназ»
13.00, 21.40 «Гадалка»
15.00 «У каждого своя ложь»
16.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 «Зәкира»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Қазақ үні»
11.30 «Дәрігер кеңесі»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Жанашыр»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» (Қонаев)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00, 05.00 «Ризамын»
09.00, 00.10 Сериал «Повелитель солнца»
10.00 «Листопад»
12.10 Мультсериал
13.30 Кино «Универсальный солдат»
15.50 «Дэнни цепной пес»
18.00 Кино «Пророк»
20.00 «Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
23.00 «Ядовитая роза»
01.10 «Анупама»
01.50 «Врач»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.20, 17.30 Т/с «Доктор надежда»
10.20, 19.30 «Алтарь тристана»
12.30 «Тойхана»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10, 21.30 «Саған сенемін»
16.10, 23.20 «Психологини»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
00.20 «Жайдарман»
02.15 Т/х «Япырай»
03.10 «Тамаша 7 км»

Сәрсенбі - Среда, 21 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30«Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00,02.10 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Ақжауын»
14.10«Қызық екен...»
15.15 «Тұлға»
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.35 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.30 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«В фокусе»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Менің өмірім
11.10 Мультсериал
12.00, 21.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 Сериал «Бабочки и птицы»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Біз»
23.00 «Оборванная мелодия»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.00 «Бақыт құшағында»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00 «Громовы. Дом надежды»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 «Своя земля»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-16»
00.20 «Женское дело»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Жаңалықтар
08.00, 01.50 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20, 01.10 «Было дело»
12.00, 23.40 «Спецназ»
13.00, 21.40 «Гадалка»
15.00 «У каждого своя ложь»
16. 00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 «Зәкира»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Бүгінгі дін»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 «Мамандық маңызы»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00 «31 әзіл»
08.30 Сериал «Повелитель солнца»
10.00 «Листопад»
12.10 Мультсериал
13.10 Кино «Пророк»
15.20 «Ядовитая роза»
17.30 Кино «Во имя короля»
20.00 Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
23.00 «Близнецы»
01.00 «Анупама»
01.40 What s upp?
02.30 «Врач»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.30 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
09.20, 17.30 Т/с «Доктор надежда»
10.20, 19.30 «Алтарь тристана»
12.30 «Тойхана»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10, 21.30 «Саған сенемін»
16.10, 23.20 «Психологини»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Алмазы цирцеи»
00.20 «Жайдарман»
02.15 Т/х «Япырай»
03.10 «Тамаша 7 км»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ

Қайырымдылықтың қайыры мол

Талдықорған қаласына жақын орналасқан Жарлыөзек деген ауыл бар. «Ауылын көріп азаматын таны» дегендей, бұл жердің адамдары көпке қайырымды, жұртқа сыйымды, бірімен бірі сыйласымды. Осылай сыр тартып отыруымның да өзіндік себебі бар. Кәсіпкер, қайырымдылығымен көптің ықыласына бөленіп жүрген, кәріс қызы Венера ХАННЫҢ адами болмысы, азаматтық істері осы айтқанымыздың ақиқатын көрсетеді.

Адам баласының қалай өсуі, нендей қадірлі жолды таңдауы және қандай адам болып ержетуі, ең алдымен, ата-ананың берген тәлімі мен тәрбиесіне тікелей қатысты. Сондықтан да: «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген нақылды өміріміздің ұстанымы етіп келеміз. Венераның әкесі Хан Афанасийұлы, шешесі Тен Лена Александрқызы да ауылдың қарапайым шаруақор адамы. Асып-тасып жатқан байлығы болмаса да, ұрпағына адал термен игілік жаратудың тәрбиесіне бай жандар. Ол осындай еңбексүйгіш отбасында ержетеді.

Қалыпты өмірде байқалмағанымен жақыннан таныссаң әр адамның өмірінен қызығы мен қиындығы мол тарихы өріліп шыға келетіні анық. Біздің кейіпкеріміздің де сан тараулы тағдыры оның қажыр-қайратын шыңдап, бүгінгідей биікке шығарды. Еден жуушыдан елдің қамын жеген қайырымды жанға айналдырды. Айталық, Венера балалық, жастық шағын Жарлыөзек ауылында өткізіп, 1970 жылдардың соңында арман қуып Алматыға аттанып, алғашқы қадамын тігінші мамандығын оқумен бастайды. Оқуын бітіріп, еңбек жолын бастаған жылдары Ли Вячислав Константинұлымен танысып, отбасын құрып, Вадим, Георгий атты екі ұлды болады. Бірақ жолдасы өмірден өтіп, алматылық болып жүре беруді қаламаған ол шиеттей екі баласын алып, Жарлыөзек ауылына оралады.

Осындайда Абай дананың: «Есектің артын жусаң да пұл тап» деген тағылымды сөзі ойға оралады. Әрине, тарихтағы жетістікке жеткен адамдардың өмірін зерделеп көрсек, бәрі де алғашқы адымын креслодан бастаған жоқ. Екі баласын қолтығына қысып жүріп, қарымын талдыратын қара жұмыстың талайын істеді. Еден жуды, киім тікті, кітапханашы болды, шешесі өмірден өткен соң әкесінің тұрмысына қарайласты. Демек, тағдыр талайына қандай жұмыс істеу тура келсе, соның бәрін таза пейіл, адал жүрек, азаматтық белсенділікпен атқарды. Ала таңнан кеш батқанша тыным таппай жұмыс істеді. Одан жаман болған жоқ. Қайта сол қиын күндер оның болашаққа деген арман-мұратын шыңдады. Күндер осылай тынымсыз тырбанумен өтіп жатқан тұста Кеңес одағы ыдырап, тәуелсіз Қазақстан өз алдына бөлініп шықты. Бағдар өзгеріп, шаруашылықтар күйреп, жұмыссыздық жұрттың мазасын қашырған 1990 жылдардың басында екі баласын алып, Талдықорған қаласына келіп қоныстанады.

Еңбекпен ержетіп, құлшыныспен игілік жаратып үйренген Венера енді кәсіпкерлікпен айналыса бастады. Басында малдың терісі, қойдың жүні, темір-терсекті сатып алып, сатумен айналысты. Талдықорған қаласындағы «Қайнар» АКБ өндірген аккумуляторларды басқа өңірлерге тасымалдап, іскерлікпен іс бастады. Нәтижесі де жаман болған жоқ. Қаржысы молайып, ауқымды жұмыс атқаруға мүмкіндік туды. Келе-келе көрші елдерге отандық өнімдерді шығарып, ол жақтан тұрғындарға керекті тұрмыстық бұйымдарды жеткізіп, шекара саудасының да көрігін қыздырды. Осы тұста екі ұлы да ержетіп, жоғары оқу орнына түсті. Үлкен ұлы Вадим әлемнің 6 тілін жетік біледі. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Моңғоляда оқып, еліне қызмет етті. Бүгінде шешесі жолын салып берген бизнестің тізгінін ұстап жүр. Кенжесі Георги заңгер мамандығын меңгерді. Бүгінде мұнай өңдеумен айналысатын компанияда жұмыс істейді.

2000 жылдардың басында Венера Хан Талдықорғаннан Өскеменге көшіп, сол жақтан нәсіп іздеуге кірісті. Ол кезде Өскеменде кәріс салаттарын дайындайтындар жоқ еді. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін күніне 3-4 сағат ұйықтап, қалған уақытын ас үйде өткізген оның қаржысы да молая түсті. Адал тердің арқасында тұтынушылары да көбейді. Оның қайсыбірін айтасың. Ең бастысы, Венера Өскемендегі кезінде адалдық және тынымсыз еңбектенген адам ғана ойлаған мақсатына жете алатындығын өзі ісімен көпке дәлелдеді.

Қос білегін талдырып бастаған кәсібі, істеген жұмысы өтелген Венера Хан бүгінде халықаралық бизнеспен айналысады. Әсіресе, Корея мемлекетімен денсаулық сақтау саласы бойынша іскер-лік байланыстар орнатқан. Кейінгі жылдары «Бәрі денсаулық үшін» медициналық орталығының Астана, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы филиалын ашып, 300-ден аса адамды жұмыспен қамтып отыр. Арасында шетелдік мамандар да бар. Осылай қазақстандықтардың саламатты өмір салтын жақсартуға үлес қосып жүр.

Кәсіптен нәсіп тапқандар арамызда көп. Алайда кәсіпкер Венера Ханның сол әріптестерінен даралап тұратын, айрықша айта кететін бірнеше артықшылығы бар. Ең алдымен кейіпкеріміздің қазақ тіліне деген шынайы жанашырлығын өзгелерге өнеге етуге тұрарлық. Осы мақаланы дайындау барысында Венера Ханмен әңгімелескенде қазақ тіліне деген құрметін түсініп, таза да ұғынықты сөйлегенін көріп, кез келген жерде өзге тілде сөйлеуді мақтан ететін қаракөз қыздарды ойлап қынжылдым.

– *Жасыратыны жоқ, қазақ жастарына қазақша сөйлесең, орыс тілінде жауап қайтарғанын көргенде ойланасың. Мектепті орысша оқыдым, жұмыс барысында сол тіл жиі қолданамын. Бірақ бала жастан ауылда қазақ халқының дарқандығын сезініп өскендігім бұл тілді жетік меңгеруге себепші болды,* – дейді.

Имандылық жайлы жиі айтамыз. Бірақ өзінің жүрек қалауымен қасиетті Исламға жан-тәнімен берілген Венераның тазалығына да тәнті болмасқа шарең жоқ.

– *1992 жылдан бастап Ислам дініне қатысты кітаптарды оқи бастадым. Жаратушы хақ екенін мойындаймын. Бірақ адами қасиетті қалыптастыру үшін қандай дінді ұстау ұлтына, тегіне қарамастан әр адамның жүрек қалауына байланысты. Ислам дінінің имандылық, тазалық, адамгершілік, қайырымдылық қағидаларына негізделгенін түсіндім. Ал 2003 жылдан бастап ораза ұстап, намазға жығылдым. 2019 және 2021 жылдары екі рет қажылыққа барып, мұсылман баласы өтеуге тиісті бес парыздың ең қастерлі бірін өтеп қайттым. Балаларымды да, немерелерімді де сүндеттеп, мұсылманшылықтың үлгісін көрсеттім,* – дейді.

Жан-дүниесін имандылық нұрымен суарған Венера ауылдастарының өмірін ізгі жолға жетелеуге ұмтылды. 2017 жылы туған жері Жарлыөзек ауылынан мешіт құрылысын бастап, 2018 жылы жұрттың игілігіне берді. Аналарының асқақ үмітін ақтау үшін балалары да барын сала көмектесті. 200 орынға арналған Алланың үйі бүгінде Жарлыөзек ауылының ортасында асқақтығымен көз тартып тұр.

Жалпы, қазақ пен кәріс ұлтының салт-дәстүрінде көптеген ұқсастық бар. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ананы құрметтеу, елмен етене жақын болу, жақсылыққа құштарлық, жарлы-жақыбайға көмектесу, тағы да басқа жақтарда ортақтығы көп. Венера Хан екі ұлттың осы құндылығын бойына тұмардай тағынған. Бүгінде жұма сайын жеті шелпек пісіріп, арақтарға құран оқыту, Наурыз мерекесінде наурыз көжені, қонақ келгенде бауырсақ пісіріп, бесбармақты да өзі дайындайды. Қазақта: «Өзі болған қыз төркінін танымай кетеді» деген тыйым сөз бар. Сондай-ақ өз ұлтының да ұлттық тағамдарын дастарқанынан үзбейді. Демек, екі ұлттың салты мен дәстүрін тең ұстағаннан ұтылған жоқ. Қайта айналасындағыларға, балалары мен келін, немерелеріне өнегесімен үлгі көрсетіп келеді.

Арамызда жұртқа тырнақтай жақсылық жасаса, мақтанышпен айтып жүретін адамдар бар. Бірақ Венера Хан осы күнге дейін жетімдерді жебеп, мүгедек жандарға қолдау танытып, жетіспей жатқан отбасыларға жәрдемдесіп, жебеп жүргенін бірде-бір рет айтып, мақтанбайды да.

– Әр күні таңертең оянып, телефонымды қосқанда көмек сұраған адамдардың өтініші ватсап желісінде толып қалады. Бәріне көмектескің келеді. Арасында еңбек-ке құлықсыз, басқаның көмегіне сүйеніп күнелтуді әдетке айналдырғандар да бар. Қайырымдылық жасаудан ешқашан қашқан емеспін. Өйткені, қайырымдылықтың қайыры көп болады, – дейді Венера.

Абай атамыз: «...Бірі ішсем, жесемнің өмірі, енді бірі нағыз өмір» деп адам баласының өмірін екіге жіктейді. Кейіпкеріміз Венера Ханның өмірі – нағыз өмір.

Қажет АНДАС

КОНФЕРЕНЦИЯ АЯСЫНДА

Тағылымды кездесу

Адам баласы көру, есту, сезіну, араласу арқылы көкжиегін кеңейтетіні анық. Біз көп дүниені көзбен көру арқылы жақсы қабылдаймыз. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, көзбен көріп, жүрекпен сезінген жағдай адам жадында мәңгі қалады. Осы ұстанымды біздің әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушылары қатаң ұстанады. Оған таяуда ғана өткен «Шығыстану және руханият мәселелері» тақырыбындағы конференция дәлел.

Қазақстанның белгілі ғалымдары, министрлері, дін қызметкерлері мен жазушыларының қатысуымен еліміз-де алғаш Шығыстану факультетінің негізін қалаушы, мемлекеттің еңбек сіңірген елшісі, өмірінің соңына дейін Қазақстанның бас мүфтиі қызметін атқарған Әбсәттар қажы Дербісәлінің атындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры ашылып, дәрісханаға ғалымның есімі берілді. Бұл шараны ұйымдастырған Шығыстану факультеті екенін ерекше атап өткеніміз жөн.

Ұлттық ғылым академиясының академигі, шығыстанушы ғалым саналы ғұмырын елдің, қоғамның ынтымағына, оқуағарту саласына арнағаны баршаға үлгі екені анық. Арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде өте құнды монографиялар мен еңбектер жазған Әбсаттар қажы Дербісәлінің құнды кітаптары біздің басты байлығымыз.

Конференцияда Нұр-Мүбәрәк университетінің египеттік профессорлары келіп, түрлі тақырыпта баяндама жасады. Қазақстанның бүгінгі бас мүфтиі, ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлын, «Кемел адам» кітабының авторы Қайрат Жолдыбайұлы ғалым жайлы құнды деректер айтып, соңына өшпес мұра қалдырған Әбсаттар қажы Дербісәліге қандай құрмет көрсетілсе де аз екенін тілге тиек етті. Мұндай мазмұнды шараның дәл біздің оқу ордамызда өткені, біздің сол шараның бел ортасында жүргеніміз қуантты.

Біз қолымыз босаған уақытта университетіміздегі дәрісханадан кейінгі ұрпаққа арнап ғалым атамыздың жазған құнды деректерін оқып тұрамыз. Менің түсінгенім Әбсаттар қажы Дербісәлі дін мен дәстүрді қатар алып жүруді қатаң назарға алған екен. Асыл дінге ешқашан да қара дақ түсіруге болмайтынын айтып, қасиетті Құраннан мысал келтіріп, жүрекке жылы, тілге жеңіл етіп талай құнды кітап жазып, кейінгі ұрпаққа мұра еткен. Міне, біздің замандастарымыз осы дүниені оқып, көңілге тоқуылары керек деп ойлаймын.

Бұл конференцияның бізге яғни, жастарға берер тағылымы көп болды. Ел үшін еңбек етіп, жастарға түзу жол көрсетіп жүрген ардақты ағалардың ақылкеңестерін тыңдап, рухани байып қалдық. Қазіргі жастардың аса қызығушылықпен оқып жатқан Қайрат Жолдыбайұлының «Кемел адам» кітабын қолға алдық. Қазіргі таңда осы кітапты оқып, талқылап, өз ойымызды ортаға салып жатқан жайымыз бар. Қазаққа жанашыр ағалар бізге бағдаршам бола білгені мені қуантады. Халқымыз: «Арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, артқы дөңгелегі де солай жүреді» деген. Олай болса, алдыңғы буын ағаларға қарап бой түзеп, солардың салған сара жолымен жүре білейік, замандас.

Камила МУКАНОВА,
4 курс студенті.
Гүлмира ҚАТБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Қытайтану кафедрасының
аға оқытушысы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖУРНАЛИСТ КӨЗІМЕН

ТАНЫМДЫ КЕҢЕЙТКЕН

Түркия еліне екінші мәрте табан тіреудің сәті туды. Бұл жолғы сапар да Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенқызының ұйытқы болуымен ұйымдастырылып, еліміздің бірнеше қаласынан жиналған 20-ға жуық журналист Еуропа мен Азияны байланыстырған алып шаһар – Стамбул мен жерорта теңізінің толқындары өпкен Балыкесир-Чанаккале қалаларының ғажаптарына қанығып қайттық. Бес күндіктегі сапарда журналистер әр шаһардың тарихи жерлері мен әлеуметтік нысандарын аралап, кәсіпорын жұмыстарын көзбен көрді.

ТҮРКИЯҒА бару ғана емес, ұшаққа отырып, зеңгір көкте еркін қалықтаудың өзі керемет қой білгенге. Бірде толқыған, бірде буырқанған ішкі тебіреністі айтып жеткізе алмайсың. Алматыдан ұшқан ұшақ көзді-ашып жұмғанша Стамбулдағы халықаралық әуежайға келіп қонды. Қаладан 40 шақырым қашықтыққа орналасқан әуежай дүниежүзіндегі ең ірі әуежайлардың бірі болып табылады. Көзбен көргендей, оның аумағы бір қаланың көлеміндей. Ал мұндағы туристік сервисті, әуежай кеңдігі мен әсемдігін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, мұны тек көзбен көру керек…

Түркітілдес журналистер қорының қазақ журналистер үшін Түркиядағы Балыкесир әкімдігімен бірлескен жобасы аясындағы алғашқы күн Стамбул жерінен бастау алды. Осы қаладағы Фатих көшесінде орын тепкен Mustafa Topaloğlu мырзаның ALL SEASONS қонақүйіне келіп жайғасып, көп ұзамай сырбаз қаланың көрікті жерлерін көруге шықтық.

Мұндағы тұмса табиғат сұлулығы жанды керемет әсерге бөледі. Көңілге көп дүниені түйгізген тарихи орындар мен қорғанға толы қаланың Көне Рим мен ислам мәдениетінің түйіскен бесігі болып табылатындығына көз жеткізе түсесің.



Түркия несімен ерекше?

КЕЗ КЕЛГЕН жанның көкейінде тұрар сауалға жауап: әлбетте, Жерорта теңізінің күн сүйген жақұтты жағалаулары, жыл он екі ай дерлік құмырсқаның илеуіндей құжынаған курортты демалыс орындары ауызға алдымен ілігеді. Мұның сыртында, мыңдаған «түтінсіз фабрикаларды» бүкіл осы туризм индустриясын неше түрлі жеміс-жидегімен, көкөнісімен, азық-түлігімен, басқадай да керек-жарағымен қамтамасыз етіп тұрған ауылшаруашылық саласы да туысқан елдің озық дамыған, үйренерлік үрдістері көп мақтаулы бренді саналады...

Жалпы Стамбул – ескі шаһар. Мәрмәр теңізінің жағалауында, Босфор бұғазын жағалай орналасқан қалада үнемі теңізден самал есіп, жан жүрегінді жадыратып тұратынын да айтпасақ болмас. Мұнда ежелгі гректер мекен еткен Константинополь мәдениетінің қалдықтары әлі де кездеседі. Айя София мешітін айтпағанның өзінде Мәрмәр теңізінің жағасында салынған ұзыннан-ұзақ созылған қорғанның қалдықтары да Византия дәуірінен сыр шертеді. Географиялық орналасуы геосаяси тұрғыдан аса тиімді, Еуропадан бірден Азияға жол салған кәрі Стамбул арқылы Қаратеңізден Мәрмәр теңізіне, одан Жерорта теңізіне сапар шегуіңізге мүмкіндік бар. Бұнда әйгілі Суэц каналы Африка құрлығына бастайды. Мәрмәр теңізі мен Қара теңізді жалғап жатқан әйгілі Босфор бұғазы Стамбулға туристердің келуіне мұрындық болуда. Азия мен Еуропа құрлығын жалғастырған аспалы көпірді тек көруге ғана келетіндерде сан жоқ. Екі бірдей алып империяның – Византия және Осман империясының жүрегі болған шер көкірек кәрі қаланың геосаяси тиімділігі де осында. 1923 жылы Түркия Республикасы жарияланғаннан кейін елорда дәрежесін Анкараға тапсырып, елдегі ірі портты және сауда-өнеркәсіп қаласы дәрежесін сақтап қалған Стамбулдың жан саны 1945 жылы миллионнан сәл ғана асса, 2000 жылғы ресми халық санағы бойынша Стамбул тұрғындарының саны 10 миллион, ал қазіргі таңда мұндағы халық саны 18 миллионды құрайды.

Сырлы Стамбул көшелерінің өзі құдды бір ертегі әлеміне жетелейтіндей. Ал көрікті жерлері сұлулықтың ең талғампаздарын да таң қалдырады десем асыра айтты демеңіз. Сонымен, топ басшымыз Нәзия Жоямергенқызы бастаған журналистер әсем қаланың тарихи жерлерін аралап көрді. Атап айтқанда, Сұлтанахмет мешіті, Айя София мешіті, сұлтандардың патшалық құрған жері – Топқапы сарайы, Базилик су қоймасы. Бұл жердің бәрінде саяхаттаушылардың қатары қалың. Яғни, қолына фотоаппаратын ұстап алып, таласа суретке түсіп, таңдайын қаққан туристерде есеп жоқ.

Сондай-ақ бұл жолғы сапарда паромға отырудың сәті туды. Өздеріңізге мәлім, ұзындығы 30 шақырымға созылып жатқан Босфор бұғазы Қара теңіз бен Мәрмәр теңізін біріктіреді. Ал оның үстіндегі атақты көпір Азия мен Еуропаны жалғастырып тұр. Оны тек көзбен көру керек, керемет әдемі екен, әсіресе жағалаудағы ескі архитектуралық стильде салынған үйлер, сарайлар мен ескі қамалдар ерекше көз тартады.

Жалпы түріктер тарихи ескерткіштерін жақсы сақтаған және оларды ұтымды етіп пайдалануда. Жыл сайын миллиондап келетін туристер санымен Еуропа бойынша Стамбул қаласы Лондон мен Парижден кейінгі үшінші орынды алса, Түркияның өзі Әлем бойынша туристерді қабылдаушы он елдің қатарына кіреді.

Түркітілдес журналистер қоры ұйымдастырған Түркиядағы тамаша саяхаттың алғашқы күні осындай әдемі естеліктерімен есте қаларлық сәтке толы болды.

«Қан ексең, жан шығатын жер»

БЕС КҮНДІК сапарымыздың қалған күндері Балыкесир-Чанаккале қалаларында жалғасты. Түркітілдес журналистер қорының делегациясы Балыкесир әкімдігі арнайы жолдаған автобуспен Стамбулдан 4 сағат жол жүріп, діттеген орынға жетті. Халық саны 1 миллионнан асатын Балыкесир қаласындағы қонақүйде бізді қала әкімдігінің БАҚ-пен байланыс бөлімінің басшысы Өзал ханым мен Балыкесир қаласының Журналистер одағының төрағасы Рамазан Демир күтіп алды.

Қазақ журналистері үшін арнайы дастарқан мәзірін дайындаудан бөлек бауырластар біз үшін Қазақстанның көркем жерлерінен арнайы бейнекөрініс дайындап, мұны төрде тұрған үлкен монитор арқылы көрсетті. Түрік ағайындары дәмді тағамымен ғана емес, осындай керемет бейнекөрінісімен көңілді көтеріп тастады.

«*Сіздер шет елді жатырқамасын деп, Қазақстанның көркем жерлерінен арнайы бейнекөрініс дайындадық»,* – деп ағынан жарылды БАҚ-пен байланыс бөлімінің басшысы Өзал ханым.

Балыкесир әкімдігі ұйытқы болған сапардағы бағдарлама барысында өте қызықты дүниелерге көзайым болдық. Қаладағы бірқатар маңызды деген орынға табан тіредік: жергілікті халыққа әлеуметтік тұрғыда өте пайдалы жұмыс істеп жатқан NEON зерттеу орталығы, зейнеткерлер, жастар, балалар, мүмкіндігі шектеулі жандардың ұйымдарын құрып, олардың талаптілегі, ұсыныстарын жүзеге асыратын Қала кеңесі, тұрғындардың арыз-шағымы, өтінішіне бірден жауап беруді мақсат еткен Call Centre, балалар мен жастарға қолөнерді үйрететін Balmek шеберханасы, Çamlık Халық кітапханасы, Стамбулды бағындырған Фатих Сұлтанның ұстазы Загнос Паша салған ескі мешіт. Мұнымен қатар сапар барысында Түркітілдес журналистер қорының делегациясы Балыкесир қаласының мэрі Йуджел Йылмазбен кездесті.

Қазақстаннан келген әріптестерімен төрт күн бойы бірге жүрген Балыкесир қаласының Журналистер одағының төрағасы Рамазан Демир көктем мен қысы, жазы мен күзі бөлек болатын туған қаласы Балыкесир жайлы кеңінен мағлұмат берді. Оның сөзінше, қаланың бір жағында Мәрмәр, бір жағында Эгей теңізі орын тепкен. Яғни, екі теңізі бар, тоғыз жолдың торабындағы қала. Сондай-ақ шаһардың тағы бір ерекшелігі, мақалдап айтқанда, «Қан ексең, жан шыққан топырақ» болып табылатындығы. Бұл дегеніңіз, жердің шұрайлылығын білдірсе керек-ті.

Балыкесирде өмір сүріп жатқан әр азамат туған жерін Түркияның кіндігіне теңейді. Өз сөзінде Рамазан бей бұл өңірдің ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы туралы да айтты. Мәселен, аймақта ет пен сүт өнімдері, зәйтүн майы, сыр өнімінің 50 түрін өндіреді. Түркия бойынша Балыкесир бірінші болса, басқа өнімдер өндіруде үшінші орында екен. Айтуынша, Эрзурум қаласы өздерінің етімен мақтанғанымен, бұл өңірге ет Балыкесирден жеткізіледі, тіпті дәнді-дақылдар да осы аймақтан тасымалданады. Бүгінгі таңда балыкесирліктер жергілікті өнімдерін насихаттауда, сатуда маркетингтегі кемшіліктерін жоюға күш салуда.

– *Дәл Балыкесирдегі термальді суларды Түркияның еш жерінен табу мүмкін емес. Бірнеше ауруды емдеуге сеп болған шипалы суды да Балыкесирден таба аласыз. Енді он жылдан кейін сіздер Балыкесирдің атын бүкіл әлем бойынша жиі еститін боласыздар*, – деген Рамазан бей әңгіме желісінде журналистика туралы да тұщымды ойларын ортаға салды. Оның сөзінше, дәстүрлі журналистиканың негізгі шарттарының бірі – журналист әрқашан еркін, бейтарап болғаны жөн. Ешкімнің сойылын соқпауы керек, қажет болған жағдайда ел мүддесі үшін биліктің әрекетін де сынға алуы тиіс. – *Әлеуметтік желінің сипат алуымен қазір көп дүние өзгерді. Осы бір әлеуметтік желінің арқасында қазір менде 150 мың жазылушы бар. Жазылушыларымды 150 мың тілшім ретінде көремін* – деген әріптесіміз журналистер деген бір-бірімен жолдас, бауырлас, әріптес, яғни, терезесі тең болуы керегін, журналистің ешқашан ақшаны бірінші орынға қоймауы тиіс екенін де еске салды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖУРНАЛИСТ КӨЗІМЕН

ТАҒЫЛЫМДЫ САПАР

Қызыққа толы бұл әлем

БАЛЫКЕСИР қаласындағы сапарда Мәдени орталықтың жұмысымен де етене таныстық. Орталық қызметкері Мұрат бейдің сөзінше бұл жерде түрлі жиналыстар өтеді. Аталмыш ғимаратты салған Балыкесир әкімдігі болып табылады. Яғни, бұл жер – қаладағы 1 миллион 300 мың халықты бір ортаға жинай алатын ғимарат.

Тұрғындардың арыз-шағымы, өтінішіне бірден жауап беруді мақсат еткен Call Centre. Бұл жерге түсетін арыз-шағымдар бөлімдерге таратылып беріледі. Мұнда жұмыс істейтін қызметкерлер арасында елмен қаншалықты дұрыс сөйлесті дегенге мониторинг жасалады. Сол бойынша жақсы сөйлескен қызметкерлерге арнайы сыйақы табысталса, дұрыс сөйлеспегендердің білімін ары қарай да жетілдіруге күш салынады екен. Күніне орташа есеппен мыңға жуық арыз-шағым түсіп, қаралады. Түсетін арыз-шағымдардың 90 пайызы шешімін табатыны да тілге тиек етілді. Күніне 300-400 сауалға жауап беріледі, яғни, кері байланыс жасалады.

Сонымен қатар журналистер үшін қағазға ою, өрнек салу жөнінде де кең көлемде ақпарат берілді. Естіп, білгеніміздей, шамамен 1500 жылдан бері түріктердің осындай дәстүрлі өнері бар екен. Өзбекстаннан Анадолыға, Түркияға алынған. Бұл 1500 жылдан бері жетілдіріліп, әлі күнге дейін сақталып келетін өнер. 2016 жылы ЮНЕСКО осы өнердің түріктерде екендігін мойындаған, яғни, 12 дәлелмен дәлелденген өнер болып табылады. Ол өзге ұлтқа, мемлекетке тән емес. Бұған дейін бұл өнер

түрін көмекші құрал ретінде пайдаланған. Соңғы жүз жылдан бері жеке өнер түрі ретінде бағаланған. Мұндағы әр суретке табиғи бояу дайындалады. Сондай-ақ әр суретке қанша уақыт кететіні де белгісіз. Қызығы сол: суретке арналған бояу хайуан өтінен дайындалады және әр түс өзінше жасалады.

Осы орайда көркем сурет шеберханасын да аралап көрдік. Шеберханада түрлі бояулармен суреттер салынады, аптаның үш күнінде осы өнерді үйренемін деген оқушыларға білім беріледі. Бұл жерде тек балалар ғана емес, зейнетке шыққандар, көркемсурет факультетіне түскісі келетіндер үшін тегін сабақтар өтеді. Мұның бәрі Балыкесир әкімдігі тарапынан қарастырылған.

Келесі кезекте помидор гүлі туралы ақпарат алдық. Естігеніміздей, мұндағы әрбір зат, киім-кешек, аяқ-киімге дейін помидор гүлімен безендіріледі. Қызанақ тәріздес (помидор) гүл – ауыл шаруашылығындағы жетістіктің белгісі, яғни символы ретінде қарастырылады.

Бұдан кейін Балыкесир ұлттық кітапханасында болдық. Кітапхана қызметкерінің сөзінше мұнда 100 мыңнан аса кітап пен газет-журнал бар. Төрт қабатты ктапхананың жертөлесінде газет-журналдар сақталады. Сондай-ақ конференция залы бар. Әр сәрсенбі күні мұнда кітап пен кітапханаға байланысты отырыс өткізіледі, оған барлық адам қатыса алады. Кітапханада негізінен батыстық авторларға басымдық берілген.

Төрт қабатты ғимараттың әр қабатын әлемнің бар екенін растайтын төрт элементке бөліпті. Бірінші қабатты – топырақ, екіншісі – су, үшіншісі – от, төртіншісі – ауа. Әр кітап осы атауларға сай етіліп қойылған

* * *

БАЛЫКЕСИРДЕГІ «DiJiTAL» жастар орталығына да табан тіредік. Орталық қызметкерінің айтуынша, бұл – Түркиядағы нөмір бірінші жастар орталығы болып табылады. Орталық түрлі бөлімдерден тұрады. Соның бірі компьютердегі ойын түрі. Қазіргі таңда бүкіл әлем бойынша осындай ойындар сәнге айналған. Және бұл ойын емес, спорттың бір түрі деп саналады. Мұндағы жастарға кәсібілік тұрғыда үйретіледі. Жасап жатқан жұмыстары үшін орталыққа Еуропа Одағы мен Түркия Президентінің арнайы сыйлығы табысталыпты. Бүгінде орталықтың 10 мың мүшесі бар десек, соның әрбірі орталыққа келіп, күніне екі сағат тегін ойын ойнай алады. Сондай-ақ әрбір ұлттық мерекеде жастарды жинап осы ойыннан жарыс өткізіледі. Әр ай сайын орталықта курстар да өтіп тұрады. Онда әлемдік деңгейде мойындалған оқытушылар келіп тегін сабақ береді. Қысқа қайырғанда бұл орталықта жастардың уақытын бос өткізбес үшін барлық жағдай жасалған.

Тарихи, мәдени және табиғи сұлулығымен танымал Балыкесирдегі біз барған тағы бір орын Заґнос Паша мешіті. Аталмыш мешіт 1461 жылы 3 наурызда ерекше салтанатпен ашылған екен. Ал мешітті Стамбулды жаулап алған Фатих Сұлтан Мехметтің уәзірі Заґнос Паша салдырған. Ол – Фатих сұлтанды бала кезінен әскери өнерге баулып өсірген ұстаз. Алғашқыда мешіт, кесене, хамаммен бірге кешен ретінде ашылса, ғимараттың көп бөлігі екі рет (1897 ж. және 1902 ж.) жер сілкінісінен қирап қалып, қайта қалпына келтірілген. Бір мезетте ішіне мың кісі сыятын мешіт – Балыксирдегі ең үлкен нысан болып табылады.

* * *

ТҮРКІТІЛДЕС журналистер қорының делегациясы Түркияның Балыкесир қаласындағы сапар барысында Балыкесир қаласының

Журналистер одағының ғимаратында, Одақтың мұражайында болып, өзара тәжірибе алмасты.

Балыкесир қаласының Журналистер одағының төрағасы Рамазан Демир қазақ әріптестеріне осындай сапар үшін алғыс айтты. Сонымен қатар екіжақты тиімді қатынастарды нығайтудың маңыздылығына тоқталды. Одақтың мұражайы туралы да қысқаша ақпарат берді.

– Бұл мұражайдың арқасында келешек ұрпағымызға өнегелі іс қалсын дейміз. Мұнда күніне ондаған адам келеді, оның ішінде университет студенттері де бар. Осы арқылы біз журналистиканың даму және пайда болу тарихын көрсеткіміз келеді, – деді Рамазан бей.

Балыкесир Журналистер одағының мұражайында сақталған әр зат тарихтан сыр шертеді. Мұндағы бір бөлме журналистер одағын құрған, мамандығына адал болған, мафия тарапынан өлтірілген журналиске арналыпты. Сондай-ақ осы бөлмеде Түркияда өлтірілген журналистердің тізімі де ілінген. Олардың бәрі халықтың қамы үшін жұмыс істеп, жан тапсырған журналистер екен.

Делегация тобы бірқатар БАҚ редакциясында да болды. Соның бірі – «Birlik» және «Demokrat» жекеменшік газеттерінің редакциясы. Бүгінде екі басылымда 12 адам жұмыс істейді. Екі газеттің қожайындары бір болғанымен, басылымдағы көтерер тақырыптар бір-біріне ұқсамайды. Бұл 2014 жылдан бері шығып келетін апталық газеттер. Екі басылымда да елдің үнін жеткізудегі көкейкесті дүниелер жарияланады. Таралымы бойынша «Birlik» – 600, «Demokrat» – 800 данамен шығады. Басылымдардың сайты да бар.

Жалпы Балыкесирде күнделікті шығатын 9 басылым бар екен.

* * *

САПАР барысында барған тағы бір керемет жер – жануарларға арналған емдік-сауықтыру орталығы. Бұл жерде Балыкесирге қарасты 20 ауданнан алып келетін ит-мысықтарға ота жасалады, яғни, жануарларға қамқорлық көрсетіледі. Орталық 2017 жылы ашылған. Мұнда 10 ветеринар еңбек етеді. Сонымен қатар 10 күнде 1500 жануарға ота жасалса, айына 4500 жануарға емдом көрсетіледі екен. Мұнымен қоса жануарлар үшін арнайы жедел жәрдем көлігі мен автобус 24 сағат бойы үздіксіз жұмыс істейді. Мұндағылар тек ит пен мысыққа ғана емес, киік, бүркітке де көмек беруге әзір. Бір күнде кемінде 20 ота жасалады. Піштіру қажет болса піштіріліп, келген жағына қайта қайтарылады. Сынықтарға гипс салынады, рентген жасайды, қан да құйылады, алынады. Қысқасы, адамдарға арналған ауруханадағы қызметтің барлық түрі көрсетіледі. Тіпті, буаздарын босандырады да.

Құтырғандарды карантинге жатқызып, 10 күн бойы бақылауға алады. Егер тест нәтижесі оң болса, дем арада зерттеу жүргізіліп, оның адамдарға зиян-зиян емесі анықталады. Арнайы вакцина егіледі. Қандай жағдайда да қатарға қосуға күштерін аямайды. Және мұның бәрі тегін жасалады. Айтпақшы, жедел жәрдем көлігінде жануарларға дер кезінде көмек беретін қажетті медициналық құрал-жабдықтың бәрі бар. Бұл орталық Балыкесир әкімдігінің қарамағындағы мекеме болып табылады.

Балыкесирдегі барған әрбір жер кереметтігімен ерекшеленіп, есте қалды. Сондай тамаша орынның бірі геологиялық парк. Бұнда 300, 700, 900, 1000 жыл бойына өсіп тұрған шынар ағаштары бар. Бұл жердегі ғимарат 1840 жылы салынған. 1934 жылы бастауыш мектебі болып ашылған. Одан кейін 1988 жылы бастауыш мектеп-интернаты ретінде болды. Ал, 2019 жылы Балыкесир әкімдігі жалға алып, мұны әлеуметтік шаралар өткізілетін жерге айналдырған. Аталмыш орын Түркиядағы екінші геологиялық парк болып табылады.

Біз барған тағы бір тамаша жер – «Бажем» кәсіпкерлікке оқыту орталығының бағы. Орталық қызметкерінің сөзінше, бұл жердегі

түрлі шөптен шай, майын алып, косметикалық бұйымдар, тамаққа қолданылатын сироптар жасалынады. Айтуынша, төрт жылдың ішінде 130 түрлі өнім жасап шығарған. Сондай-ақ мұнда түрлі өсімдіктердің көшеттері де отырғызылады. Өсімдіктерді құрғатып, майын алып тазалайтын жер де осында. Екі түрлі зертханасы бар. Зертханадағы өнімдерден арнайы жобалар да жасалынады екен. Сондай-ақ бұл жерде бір өсімдіктен 6 жасқа дейінгі балалардың киімін бояйтын бояу да алады.

Төрт күндік сапарда Айвалықтағы зәйтүн майын шығаратын фабрикаға да барып, майды қалай жасайтынын көзімізбен көріп қайттық.

Айта кетейік, Түркия елі зәйтүн өндіруден дүниежүзінде үшінші орын алады. Сондай-ақ зәйтүннен сабын, шампунь, крем секілді заттар өндіреді. Алақаптарға арнайы ағаш отырғызылып, баптап, күтіледі. Мұны да көзбен көру ғана керек...

* * *

ТҮРКІТІЛДЕС журналистер қорының делегациясы Балыкесир қаласының мәрі Иуджел Йылмазбен кездесті. Кездесуде делегация жетекшісі, Түркітілдес журналистер қорының президенті Нәзия Жоямергенқызы Иуджел мырзаға қазақ журналистеріне жасаған қонақжайлығына алғысын білдірді.

Өз кезегінде Иуджел Йылмаз Балыкесир қаласын тануға қызығушылық танытқандарына рақмет айтты. – *Қазақстанға барған соң Балыкесирде бастан кешірген әдемі сәттерді отандастарыңызбен бөлісіп, бауырлас халықтар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтады деген сенімдемін. Алдымен достық қарым-қатынас бастасын, кейін екі жаққа да тиімді сауда-саттық, серіктестікке ұласын. Балыкесирде қазақстандық студенттер бар. Олардың кейбірі Түркияда тұрақтап қалса, кейбірі түрік бауырларға деген дос пейілін еліне ала қайтады*», – деді ол.

Кездесу соңында Қор басшысы Нәзия Жоямергенқызы делегация мүшелері атынан қала мәріне қазақы шапан жауып, әл-Фарабидің бейнесі салынған кілемшені сыйға тартты. Сонымен бірге Қазақ журналистердің Балыкесирге сапарлауына себепкер болған журналист Левент Караагачқа да шапан жауып, құрмет көрсетілді.

Тағылымы мол тамаша сапарда Балыкесир провинциясына қарасты Эдремит қаласына да табан тіредік. Бұл күні теңіз өнімдері жақсы дамыған Айвалык қаласына барып, Джунда аралында теңіз тағамдарынан дайындалған дәмнен ауыз тидік.

Сапардың бесінші күні Анадолы мен Еуропа және Жерорта теңізі мен Қара теңізді байланыстырған аймақ Чанаккалеге де ат басын бұрдық. Қаланың тарихы туралы дереккөз бойынша айтсақ, Чанаккале Түркияның солтүстік батысында орын алған және Еуропа мен Азия құрлықтарын бір-бірінен айырған Дарданел бұғаздың екі жағалауында құрылған бір қала… Анадолы мен Фракия аймақтарының тоғысқан жерінде орын алады. Тұрығы тұрғысынан өте бай бір тарихқа ие. Чанаккалеге б.з.б. 3000 жылдарынан бастап қоныс аудару басталған деседі.

Сондай-ақ бұл қала – әйгілі Троя соғысы болған жер. Яғни, б.з.б. 1 200 жылға дейін Троя халқы өмір сүрген. Қалада троялықтардың аты тұр. Мұнымен қоса қаланың символы болған сағат күлесін де көрдік. 1896 жылы қойылған сағат бүгінге дейін тоқтаусыз жұмыс істеп келеді.

ТАҒЫЛЫМҒА толы сапар туралы таңды таңға ұрып айта беруге болады-ақ. Ал,

әсем қалалардың мыңжылдықтарға созылған тарихын, сан халықтардан сіңген рухани дүниесін, өткен дәуірлерден жеткен жаyhарларын түгел бір сапарға шығып қана көріп-түйсіну былай тұрсын, оны айтып жеткізу мүмкін емес. Мұның бәрін көзбен көру ғана керек.

P.S: *Бес күндікте танымымызды кеңейтіп, тамаша әсер сыйлаған, осы бір тағылымға толы сапарға ұйытқы болған Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ президенті Нәзия Жоямергенқызына, Балыкесир қаласының әкімдігіне шынайы ризашылығымды білдіремін. Шын мәнінде танымды кеңейткен тамаша сапар болды.*

Сарби ҚАСЫМБЕККҚЫЗЫ
СТАМБУЛ-БАЛЫКЕСИР-ЧАНАККАЛЕ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ХОРОШИЕ НОВОСТИ

СРОК ВЫПЛАТЫ ПОСОБИЯ ПО УХОДУ ЗА РЕБЕНКОМ ПРОДЛЯТ

В Казахстане продлят срок выплаты пособия по уходу за ребенком до полутора лет. Такую норму содержит принятый наднях закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственной молодежной политики и социального обеспечения», передает корреспондент МИА «Казинформ».

Кроме того, документ предусматривает следующие новеллы:

– увеличение возраста молодежи до 35 лет;

– законодательное закрепление понятий «индекс развития молодежи», «социальные услуги молодежи», «временно неустроенная молодежь», «специалист по работе с молодежью», «молодежные трудовые отряды»;

– расширение функций молодежных ресурсных центров;

– включение в основные направления государственной молодежной политики повышения цифровой грамотности молодежи и развития волонтерства среди молодежи;

– включение в компетенцию уполномоченного органа функций по разработке и утверждению типовых квалификационных характеристик специалистов по работе с молодежью, правил создания, организации, обеспечения молодежных трудовых отрядов, а также проведения мониторинга их деятельности, правила внедрения и применения индекса развития молодежи;

– приостановление с 2023 до 2028 года запланированного повышения пенсионного возраста женщин на уровне 61 года;

– поэтапное увеличение размера базовой пенсии;

– повышение максимального ограничения дохода при исчислении размера солидарной пенсии с 46 до 55 МРП;

– повышение размера социальных выплат по потере работы для застрахованных лиц до 45% от среднемесячного дохода;

– монетизация гарантированного социального пакета, предоставляемого получателям государственной адресной социальной помощи;

– исключение требования о подтверждении платежеспособности для выдачи разрешения на постоянное проживание в Республике Казахстан иностранцам, обладающим востребованными профессиями и навыками.

СТИХИЯ

В ГОРАХ АЛМАТЫ ВЫСТАВИЛИ БЛОКПОСТЫ

Как рассказали в департаменте ЧС, на склонах гор близ Алматы сохраняется лавинная опасность, сообщает Zakon.kz.

Из-за выпадения осадков, неустойчивого состояния снежного покрова и высоты снега, местами достигающей 120 см, спасатели призывают воздержаться от выходов на заснеженные склоны.

«Для обеспечения безопасности населения силами АГЭТУ «Казселезащита» выставлены блокпосты на участке автодороги Шымбулак – Эдельвейс, выше плотины «Медеу». ДЧС Алматы.

В ведомстве отметили, что снежные лавины в горной части бассейна по повторяемости и разрушительному воздействию считаются одним из наиболее опасных природных явлений. Лавины обладают огромной разрушительной силой, максимальная скорость их движения может достигать до 80 км/час. В период с 24 ноября в горах Алматы зарегистрировано 14 случаев самопроизвольного схода лавин. Жертв и пострадавших нет.

Постами РГП «Казгидромет» и ГУ «Казселезащита» осуществляется постоянный мониторинг за снеголавинной обстановкой. Профилактические спуски проводятся на основании рекомендаций «Казгидромета», с соблюдением техники безопасности, при благоприятных погодных условиях.

В Алматинском регионе насчитывается 165 лавиносборов, 18 из которых расположены в районе ВСК «Медеу», ГЛК «Шымбулак» и Большого Алматинского озера.

ПАМЯТНИК ИСТОРИИ

Историческое здание аэропорта Алматы построили еще в 1947 году. В администрации аэропорта отметили, что при переносе сохранят декоративные элементы, сообщает Zakon.kz.

КАК ПЕРЕНЕСУТ ИСТОРИЧЕСКОЕ ЗДАНИЕ

В соответствии со ст. 29 закона РК «Об охране и использовании объектов историко-культурного наследия» перемещение памятника допускается, если его перемещение и изменение повлекут улучшение условий его сохранения.

Основанием для перемещения памятника послужили следующие документы:

постановление акимата города Алматы № 4/492 от 11 ноября 2020 года «О перемещении памятника истории и культуры местного значения “Аэропорт (Аэропорт международных линий)”;

заключение историко-культурной экспертизы Научно-исследовательского и проектного филиала РГП «Казреставрация» от 31 октября 2022 года;

протокол № 6 от 1 ноября 2022 года специальной комиссии по вопросам историко-культурного наследия Министерства культуры и спорта РК.

В пресс-службе аэропорта сообщили, что перемещение памятника архитектуры подразумевает его воссоздание с существующими декоративными элементами на новом месте.

Декоративные элементы здания определяют его культурно-историческое значение как памятника.

«В связи с чем здание будет воссоздано и сохранит оригинальный вид следующих декоративных элементов: витражное заполнение оконных проемов, декоративные рельефно-орнаментированные панно на боковых фасадах, многопрофильный карниз с рельефно-орнаментированным карнизом по периметру, пештак, «сталактитовый» карниз пилонов пештака, трехчетвертные орнаментированные колонны национального ордера по углам пилонов, витраж арочного проема, башня (бельведер) со шпилем, ажурный парапет по всему периметру кровли».

Пресс-служба Международного аэропорта Алматы

При строительстве нового международного пассажирского терминала памятник со всеми декоративными элементами переместят в радиусе 420 метров на территории Международного аэропорта Алматы.

В пресс-службе аэропорта отметили, что это позволит улучшить условия по сохранению здания как памятника истории и культуры.

Бейсенбі - Четверг, 22 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.30 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00,15.00, 17.00, 20.00, 01.35 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
12.00, 02.10 «Өмір көркем»
13.10 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен...»
15.15 «Бірегей»
16.00 «Бақытсыздар бағы»
17.15, 03.00 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 «Баырлар»
23.20 «1001 түн»
00.40 «Сана»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00«Бізге хабарласқан»
10.30 «Одна книга»
10.35 Қабатовтың «жұп-жұбымен»
12.00, 20.00 Т/х «Мелек»
14.00 «АйнаLine»
15.00, 23.00 «Оборванная мелодия»
18.00 Новости
19.00Қорытынды жаңалықтар
22.00 «Біз»

АСТАНА

07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.25 Т/х «Жетім жүрек-2»
11.30, 23.50 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40, 01.40 «Окно жизни»
17.00 «Сырты бүтін»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 01.40 «Громовы»
20.00 «Astana Times»
21.55 Т/х «Жетім жүрек 2»
23.50 «Шырмалған шындық»
02.40 «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00«Ең алғашқы»
07.00, 03.50 «Паутина»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00«Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 «Своя земля»
14.05, 02.10 Новости
14.15, 02.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 03.20, Басты жаңалықтар
19.00, 03.05 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал «Улицы разбитых фанарей-16»
00.20 «Женское дело»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Жаңалықтар
08.00, 01.50 «Тоғжан»
09.40 Вечерние новости
10.20, 01.10 «Было дело»
12.00, 23.40 «Спецназ»
13.00, 21.40 «Гадалка»
15.00 «У каждого своя ложь»
16. 00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 «Зәкира»
19.30, 04.00-04.30Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.15 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.20 «Спорт-тайм»
14.30 «Бүгін»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 «Қасиетті Қонаев»
19.30 «Жаңа Қазақстан»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 03.10 Әзіл студио
07.00«Күліп ал»
08.00 «31 әзіл»
08.30 Т/с «Повелитель солнца»
10.00 «Листопад»
12.10 Мультсериал
12.30 Кино «Во имя короля»
15.20 «Близнецы»
17.50 Кино «Хорники хуаду:лезвие розы»
20.00 «Информбюро
21.00 Х/ф «Жапырақтар төгілгенде»
23.00 «Санта и компания»
01.00 «Анупама»
01.40 What s upp?
02.30 «Врач»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Balla Battle
04.30 What s upp?
05.00 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 04.40 «Қуырдақ»
06.10,12.30 Т/х «Тақиясыз періште»
07.40, 01.30 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
09.20, 17.30 Т/с «Доктор надежда»
10.10, 19.30 «Алмазы цирцеи»
12.20 «Тойхана»
14.10, 22.25 «Жалдамалы әйелдер»
15.10, 21.30 «Саған сенемін»
16.10, 23.20 «Психологини»
18.30 «Айбат»
19.00 «Студия 7»
19.30 «Суфлер»
00.20 «Жайдарман»
02.10 Т/х «Япырай»
03.00 «Тамаша 7 км»

Жұма - Пятница, 23 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.50 Ақпарат
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 «Өмір көркем»
13.10, 21.30 Т/х «Ақжауын»
14.10 «Қызық екен...»
15.15 «Шаңырақ»
15.45 «Көңіл толқыны»
17.15, 02.45 «Ауылдастар»
20.35 «Ашық алаң»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.20 «Көңіл толқыны»
00.00 «Парасат майданы»
00.30 Д/ф «Тұмау»
01.25 «Өмір көркем»
02.15 «Тұлға»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00, 17.00 «Бегом за деньгами»
07.00 «Оян!»
10.00 «Өнеге»
10.30 «Бір кітап»
10.35 Мейрамбек Бесбаевпен «Ковершоу»
12.00, 20.00 Т\х «Мелек»
14.00 «Айналайын»
15.00 Сериал «Оборванная мелодия»
18.00 Новости. Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
22.00 Т/х «Біз»
23.00 Мегахит «Линколын для адвоката»

АСТАНА

07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00, 21.55 «Жетім жүрек-2»
11.45, 00.20 «Шырмалған шындық»
13.30 «Айтарым бар»
14.40 «Президент пәрмені»
14.50 Сериал «Окно жизни»
17.00 «Сырты бүтін»
17.40 «Кішкентай келін»
19.00, 01.40 Сериал «Громовы»
20.00 «Астана таймс»
02.40 Т/х «Мариям»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Ең алғашқы»
07.00 «П@утина»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово»
10.55 «На самом деле»
11.55 «Пусть говорят»
13.05 Сериал «Своя земля»
14.05 «Новости»
14.15 Жаңалықтар
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.35 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
21.55 Сериал «Богини правосудия»
01.30 «Что? Где? Когда?»
02.30 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 «Көреміз»
03.35 Басты жаңалықтар
04.00 «П@утина»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.30 Кешкі жаңалықтар
08.00 Т/х «Тоғжан»
09.00 «Вечерние новости»
09.40 «Было дело»
11.20 Х/ф «Спецназ»
13.00 «Гадалка»
15.00 «У каждого своя ложь» мелодрама
16.00 Т/х «Жүрегімнің иесі»
18.30 Т/х «Закира»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Дау-дамайсыз
20.35 «КТК web»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Возмездие» мелодрама
01.30 «Было дело» мелодрама
02.10 «Тоғжан»
03.05 «Дау-дамайсыз»
03.30 «КТК web»
03.50 Кешкі жаңалықтар
04.20, 04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
12.35 «Әсем әуен»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Сегодня»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Бүгін» (Қонаев)
18.40 «Спорт-тайм»
19.00 «AgroLife»
19.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Кэ Бэк» телехикаясы
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00, 03.20 « Әзіл студио»
07.00 Информбюро
08.00 «31 әзіл»
08.30 Сериал «Повелитель солнца»
10.00 Сериал «Листопад»
12.10 М/с «Маша и медведь»
13.00 Х/ф «Санта и компания»
15.10 Х/ф «Хроники Хуаду: Лезвие розы»
17.40Х/ф «Флеш Бек»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Жапырақтар төгілгенде»
23.00 Кино «Достать ножи»
01.40 Сериал «Анупама»
02.20 What's up?
02.30 Сериал «Врач»
03.40 «1001 әзіл»
04.00 Бала батл
04.30 What's up?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.20 Т\х «Тақиясыз періште»
07.10, 01.20Т/Х «Тек қана қыздар»
08.10, 13.20 Т/х «Мезгілсіз сезім»
09.10, 17.20 Сериал «Доктор Надежда»
10.10 Сериал «Алмазы Цирцеи»
12.20 Т/х «Тойхана»
14.15, 22.15 Т/х «Саған сенемін»
16.10, 23.10 Сериал «Психологини»
18.30 АЙбат
19.00 «Студия 7»
19.30 Концерт Максима Галкина
00.10 Жайдарман
02.10 Т/х Япыр-ай
03.00 «Тамаша 7 км»

Сенбі - Суббота, 24 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 01.55 «Жәдігер»
06.30, 20.00, 00.45Ақпарат
07.05 «Әлемнің алып шаһарлары»
08.00 Д/ф «Дәуір даналары»
08.45, 02.20 «Әйел әлемі»
09.20, 15.20 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Жүректегі күз»
11.50 «Ән мен әнші»
14.00 М\ф «Ақша қар мен жеті ергежейлі»
16.20 «Мәртебелі миссия»
16.45 «Нартәуекел»
20.25 Концерт «Әндер мен жылдар»
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.30 Көңілді тапқырлар алаңы
01.10 «Дәуір даналары»
02.55 «Күміс көмей»

ХАБАР

05.00 «Қызық таймс»
06.00 Концерт
08.00 Мегахит «Ликольн для адвоката»
10.00 «Спорт әлемі»
10.30 «Алаш-история степного интернационала»
11.15 «Ковер шоу»
12.00 «Дарын»
13.00 Сериал «Нико-2»
14.15 М/с «Артур и дети круглого стола»
15.00 Т\х «Біз»
16.45 «Алаш ақтандақтары»
17.30 Айтыс. «Асыл домбыра»
19.00 Мейрамбек Беспаевпен «Covershow»
21.00 «7 күн»
21.40 «Не хабар»
22.40 Д\ф «Бұл осылай болған еді»
23.15 Мегахит «Елки 1914»

АСТАНА

07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00 «Жетім жүрек-2»
12.00, 19.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Ана жүрегі»
16.10 Концерт «Әр жылдың өз жаңа жылы бар!»
20.00 «Сапар таймс»
21.55 Т/х «Жетім жүрек-2»
23.45 «Елки-3»
02.00 «Көру керек!»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.50 «П@утина»
08.40 «Поехали»
09.35 «Проуют»
10.35 Сериал «Богини провосудия»
14.45 Сериал «Рысь»
18.30 «Айна»
19.00 «Х фактор»
20.45 Сериал «Березовая роща»
00.25 Х/ф «Отрыв»
04.05 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 «Озат отбасы»
07.50 «Тоғжан»
08.40 «КТК web»
09.00 «Вечерние новости» (повтор)
09.40 «Юморина»
11.20 Д/ф «Возмездие»
15.30 «Путь к себе»
15.50 «Аталар сөзі»
17.10 «Вкус счастья»
21.00 «Аквамарин» Мелодрама
00.50 «Было дело»
01.30 «Юморина»
02.20 «Аталар сөзі»
03.45, 04.30 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.30 «AgroLife»
12.00 М/ф «Джеки Чан»
13.00 Д/ф «Мәдени байлықтар»
13.15 «Спорт-тайм»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін»
15.00 «О рыбаке и его жене» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Жаңа Қазақстан»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
22.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
23.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
23.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)

31 КАНАЛ

06.00 Х/ф «Месть и закон»
09.20 «Көмектесейік»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Алдараспан»
12.00 Х/ф «My love is Aisulu»
14.00 Х/ф «Тайна мосли»
16.10 Х/ф «Холодное сердце»
18.20 Х/ф «Король лев»
20.30 Х/ф «Железный человек-3»
23.00 «Bizdin show»
01.00 «What's up?»
02.00 «Тамаша лайф»
03.00 «Әзіл студио»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.50, 01.10 «Жайдарман»
08.20, 00.40 «Құтты қонақ»
09.00 «Гадалка»
09.30 «Орел и решка»
10.30 «Все ровно тебя дождусь»
15.00 Х/ф «Больше чем кино»
17.00 «Шаншар 60+60»
21.00 Шоу «Маска»
02.40 Т/х «Япырай»
03.30 «Тамаша»

Жексенбі - Воскресенье, 25 желтоқсан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.30Ақпарат
07.00 «Әлемнің алып шаһарлары»
07.50, 02.50 «Күй керуен»
08.20 «Ақсауыт»
08.45, 22.05, 23.30 Көңіл толқыны
10.00, 18.00 «Жүректегі күз»
12.00 М/ф «Ақша қар мен жеті ергежейлі»
13.20 «Әзіл әлемі»
15.20 «Әндер мен жылдар»концерті
17.25 «Әйел әлемі»
20.00 «Апта»
20.50 Нартәуекел
22.30 Т/х «Бауырлар»
01.40 «Апта»
02.30 «Ақсауыт»

ХАБАР

05.00 Қызық таймс
06.00 Концерт «Армандаған достық»
08.00 Мегахит «Елки 1914»
10.00 «Спорт тайм»
10.30 «Помощь в дом»
11.30 «Әке бақыты»
12.30 «Балақай»
13.10 М/ф «Тарзан»
14.40 М/с «Артур и дети круглого стола»
15.00 Т/х «Біз»
17.30 «Жеті қазына»
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 «7 күн»
21.40 «Отдел журналистских расследований»
22.15 Мегахит «Ограбление: КОД 211»
00.00 «Культурный контекст»

АСТАНА

07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Ессіз махаббат»
10.00 «Жетім жүрек-2»
12.00 «Жұлдызбысың»
13.10 «Алдараспан»
16.40 Х/ф «Елки-2»
19.00 Х/ф «Елки-3»
21.55 «Жетім жүрек-2»
23.45 Т/х «Елки-5»
02.00 «Жұлдыздар айтысады»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.20 «П@утина»
08.10 «Воскресные беседы»
08.25 «Повара на колесах»
09.10 Х/ф «Новогодний ремонт»
10.50 «Қаймақ»
11.25 Сериал «Березовая роща»
15.10 «Х-фактор»
16.50 Х/ф «Зимний сон»
18.55 «Добрый вечер. Казахстан!»
20.00 «Грани» Прямой эфир
21.00 Сериал «Березовая роща-2»
02.45 «Той базар»
04.15 «Той заказ»

КТК

07.05 «Озат отбасы»
07.50 «Тоғжан»
09.00 «Юморина»
11.30 «Аквамарин»
15.30 Т/х «Аталар сөзі»
17.10 «Другая женщина» мелодрама
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Парижская тайна» мелодрама
00.40 «Путь к себе»
01.00 «Юморина»
01.30 «Аталар сөзі»
02.50 Д/ф «Тоғжан»
03.45, 04.30 «Озат отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Әсем әуен»
12.00 М/ф «Блинки Билл»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»/«Сделано в Казахстане»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Дьявол с тремя золотыми волосками» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
16.50 «Спорт-тайм»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Мамандық маңызы» (кез келгенін қайталау)
17.45 «Ауырып ем іздегенше»
18.00 «Жаңа Қазақстан» (бейсенбіні қайталау)
18.30 «Олжа»
19.00 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00 Х/ф «Жестокая судьба»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Х/ф «My love is Aisulu»
12.00 М\с «Маша и медведь»
12.30 Х/ф «Холодное сердце»
14.40 Кино «Король лев»
17.10 Х\ф «Железный человек-3»
20.00 Х/ф «Боги Египта»
22.30 «Алдараспан»
00.30 Тамаша лайф
01.30, 05.30 «What's up?»
02.00, 05.00 «31 әзіл»
03.30 «Әзіл студио»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Шаншар 60+60»
08.40, 00.30 «Құтты қонақ»
09.10 «Гадалка»
09.40 «Орел и решка»
10.40 Х/ф «Смеяться разрешается»
12.00 Шоу «Маска»
15.40, 01.10 Алдараспан 10 жыл
20.00 Сериал «Сильная женщина»
04.25 Тамаша

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

МАМАН МІНБЕРІ

БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН

Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне 31 жыл толып отыр. Тәуелсіздік жылдары ішінде көптеген табысқа қол жеткіздік. Еліміздің бүгінгі таңдағы тыныштығы мен қауіпсіздігі, көп ұлтты Қазақстан халқының жарастығы мен ынтымақтастығының арқасында қамтамасыз етіліп отыр.

Бүгінде әлем саясаткерлері еліміздің даму жолын «Қазақстандық жол» деп әспеттейді. Шынында, қандай қиындық, қандай кемшілік болса да, осы бағыт өркендеуге жол ашты. Ел жаңаша күнкөріске икемделді және жаңа заманның тірлігін игеріп әкетті. Нәтижесі – Қазақстан бүгінде әлемдік қоғамдастық үшін экономикалық-инвестициялық тұрғыда қолайлы да тұрақты серіктестікке айналды. Сондай-ақ, Қазақстан бейбітшілік елшісі ретінде танылған мемлекетке де айналып отыр. Өз еркімізбен ядролық қарусыз ел атанғанымыз бұл бүкіл әлемдік өркениетіне ерекше әсер еткені айқын.

Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының құрылуы Қазақстанды нағыз бейбітшіл ел екенін тағы бір қырынан танытып отырғаны даусыз. Бұл – елдегі 140 этностың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруінің шынайы белгісі болып табылады.

Бұған Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты жариялаған мақаласындағы мына бір сөздер де жарқын дәлел бола алады. Атап айтқанда, «Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлтына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз» деп қадап айтты Мемлекет басшысы. Сондықтан бірлігіміз жарасқан ел ретінде алдағы уақытта да республикамыздың өркендеп, экономикалық жағынан дами беруіне әрқайсымыз өзіндік үлес қоссақ нұр үстіне нұр болар еді.

Алғатай ЖАНДАРБЕКОВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданарлық сотының кеңсе меңгерушісі.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

«Аудио-бейне тіркеу жүйесі» сот процестерін техникалық тіркеуге арналған: оқиғаның басталуы, оқиғаның атауы, қатысатын адамдар және қысқаша түсініктер, соттың құрамы туралы мәліметтер, істің нөмірі және тағы басқа хронологиялық кезеңділікпен көрсетілетін сот отырысының қысқаша хаттамасын жасау АБТ жүйесі жұмысының нәтижесі болып табылады.

Бұл судьяларды және сот мәжілісіне басқа да қатысушыларды тәртіпке шақырады, сот процесі мен сот қабылдаған шешімнің объективтілігін қамтамасыз етеді. Айта кету керек, сотқа қатысушы тараптар сот процестерінің аудио-бейне тіркеу жүйесімен өтіп жатқандықтан, Талдықорған қалалық сотының судьяларының істі жүргізу бойынша кейінгі жылдары шағымдар мен арыздар түспеуіне септігін тигізуде, яғни, бұл аудио-бейне тіркеу жүйесінің сот төрелігін атқарудың қаншалықты ашық әрі қолжетімді екендігін көрсетеді.

Жүйе жазып алынған ақпараттарға қолжетімділікті және оны бұрмалау мүмкіндігін болдырмайды. АБТ (Аудио-бейне тіркеу) жүйесінің функционалдылығына келер болсақ, сот отырысын сандық аудио-бейне жазып алуға, сот отырысының қысқаша хаттамасын жасауға мүмкіндік туып отыр. Аудио-бейне тіркеуді жүргізер алдында сот отырысына қатысушылар бойынша деректер енгізу мүмкіндігі, облыстық соттардың локалдық серверінде және ҚР Жоғарғы Соттың орталық серверінде аудио-бейне файлдарды және ілеспе ақпараттардың сақталуына жол беріп отыр. Сот органдарының (сот ісін жүргіу бөлігінде) ақпараттық жүйелермен және «Сот кабинеті» секілді басқа да ақпараттық жүйелермен интеграция жүргізілген.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің ресми сайтында онлайн сервистерге және сот органдарының қызмет көрсетулеріне қолжетімділіктің жалғыз терезесі болып табылатын «Сот кабинеті» электрондық жобасы 2014 жылдан бастап іске қосылып келеді. Сот жүйесін дамытудың ықпалды тетіктерінің бірі-соттарды заманауи құралдармен қамтамасыз ету. Соңғы жылдары сот жүйесінде заманауи талаптарға сай, электронды сот өндірісін дамыту жұмыстары жүргізілуде. «Сот кабинеті» жүйесі арқылы «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, сот процестерін таспаға жазу жүйесі, тараптарға СМС және электронды хабарламалар тарату секілді жобалар жүзеге асырылып келеді.

Сот саласын реформалау мен сот органдарын жаңғырту бағытында жүзеге асырылып жатқан және асырылуға тиісті жоспарлардың мақсаты-азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтып, тараптардың құқығы мен мүддесінің сотта қорғалу тиімділігін арттыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда әділ сот қашанда халықтың ұйытқысы болмақ.

Дәурен БЕЛГІБАЕВ,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданарлық соты кеңсесінің бас маманы.

ҚАЗЫНА

ҚАЗІРГІ ӨРКЕНИЕТТІ ЗАМАНДА ЖАСТАРДЫҢ КӨП ТІЛДІ МЕҢГЕРУІНЕ ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР ТУҒЫЗЫЛҒАН. ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІ АРҚЫЛЫ КЕЗ КЕЛГЕН ТІЛДІ ҮЙРЕНГІСІ КЕЛЕТІНДЕРГЕ ОНЛАЙЫН САБАҚ БЕРУ ЖОЛЫМЕН ҚАЛАҒАН ТІЛІН ҮЙРЕНІП, БІЛУІНЕ БОЛАДЫ.

АНА ТІЛІН БІЛУІ – ПАРЫЗ, БІЛМЕГЕНІ ҰЯТ

Көп тілді меңгерген адам шет елдерге барып, саяхаттап, тынығып қайтқан кездерінде де оларға қиындық тумайтыны даусыз. Оның үстіне, шетелден барып, жоғары білім алуына да мүмкіншіліктері мол болары айдан анық. Дегенмен, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте дегендей, алдымен ана тіліңді меңгеру асыл парызың екенін де ұмытпаған дұрыс қой. Ал, елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қолдану аясын кеңейте түсу мәселесі күн тәртібінен түспей келе жатқаны да баршаға белгілі.

Алайда, мәселені толық шешу үшін бірден барлық шараларды мемлекеттік тілге көшіре салу оңай шаруа емес. Бұл тыңғылықты даярлықты, үйлесімді көзқарасты талап етеді. Өйткені, бірлігі жарасқан кең байтақ елімізде тату-тәтті тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің де пікірімен санаспауға болмайды. Сол үшін бізде өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуге қолайлы жағдайлар туғызылып жатыр. Бұған дәлел барлық жерлерде мемлекеттік тілді оқыту орталықтары ашылып, өз бетінше тіл үйренушілерге арналған аудио және бейне таспалар, оқулықтар, сөздіктер шығарылуда. Мұның бәрі тіл үйренем дегендерге нақты көмек көрсету құралдары болып табылады. Бұл көрнекі құралдарда қазақ халқының салт-дәстүрлеріне байланысты да толық мағлұматтар беріліп отырады. Бір сөзбен айтқанда көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар мемлекеттік тілді осындай қамқорлықтың арқасында тәп-тәуір меңгеріп кетеді.

Ойымызды тұжырымдайтын болсақ, ана тілін білу әркімнің парызы десек, өзге ұлт өкілдері меңгеріп жатқанда өз тіліңді білмегенің ұят екені аян.

Рахат ОМАРҒАЛИЕВ,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ЭКОЛОГИЯ

Жаңа жылды кеудесіне әшекей тағынған шыршасыз, қызыл шапандағы ақсақал Аяз атасыз елестету мүмкін емес. Өйткені бұл екеуі де Жаңа жылдың символына айналған. Сондықтан да барша халық болып, әсем де көрікті шыршаларымызды келер ұрпаққа аман есен жеткізейік.

Шырша – қарағай тұқымдасына жататын биіктігі 30-50 м, баяу өсетін қылқанжапырақты ағаш. 15-20 жылға дейін өте жай, кейін жылына 30 см-ге дейін өсетін болғанымен, 6-12 жылда қылқандарын кезекпен түсіріп, жаңарып отырады. Шыршаның түрі өте көп. Түрлеріне қарай 50-150 жыл аралығында өмір сүреді. Қазақстанның таулы аймақтарында бірнеше шыршадан құралған ормандар бар. Көптеген елде жаңа жыл ағашы ретінде танымал. Осындай әдемі өсіп тұрған шыршаларымызды бір күндік қызық үшін кесуден аулақ болайық.

Қазақстан Республикасында шырша мен қылқан жапырақты ағаштарды шабуға тыйым салынған. Ал өз бетінше шыршаларды шауып алудың алдын алу мақсатында мобильдік топтар құрылып, рейдтер ұйымдастырылған.

«Шыршаларды рұқсатсыз шауып алғандар ҚР қылмыстық кодексінің 340 бабымен жауапкершілікке тартылады. 300 АЕК көлеміне дейін айыппұл салынатыны не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 240 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не 75 тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланатыны» туралы ескертеміз.

С. РАХИМБЕРГЕНОВ,
Жоңғар орман шаруашылығы М.М-сінің орманды қорғау, сақтау инженері.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОҚУШЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН

РАХМЕТ САҒАН «БАЛДӘУРЕН»

Кешкісін сабақтан шығып, үйге қарай беттеп келемін. Даланы әлі де болса қараңғылық баса қоймаған уақыт. Ауа райы тамаша. Үйім мектептен едәуір алыс, әрі мен жақта тұратын сыныптастарым жоқ болғандықтан, үйге жалғыз қайтатынмын. Қайтар жолда үнемі ойланып, армандап, қиялға берілетінмін. Бүгін де сол әдетімнен айнымай көше бойында жаңа жанған шамдарды қызықтап, әрқилы ой ойлап келемін. Алдымнан кездескен бейтаныс жандардыңда не ойлап келе жатқаны қызық болып, арасында жүздеріне көз тастаймын. Қызық, иә....

Қазір байқасақ жанарлары солғын, өздері шаршаңқы жандар көп. Бәлкім олар кешкілік жұмыстан шаршап қайтқан болар?! Сол көңілсіз жандардың арасынан жарқ ете қалған жайдары жанды қараңғылықтың өзінде бірден байқадым. Ол ерекше қуанышты, күлкісі сыңғырлап, дауысы алыстан жарқын шығып келеді. Бірден ойым сейіліп, жақынырақ көргім келіп асыққандай болдым. Жақындаған сайын екі адамның бірі таныстай көрінді. Одан сайын асыға түстім. Жақындағаным сол-ақ екен, екі қыздың бірі бас салып құшақтады.

– Айжан қалың қалай? Сені де көретін күн бар екен-ау! Білесің бе сені қалай сағынғанымды! – деп тоқтаусыз сөйлеуде. Бұл – Сандуғаш. Былтырғы жылдың күзінде екеуіміз Түркістан облысында орналасқан «Балдәурен» сауықтыру лагерінің 14-ші ауысымына Жетісу облысының атынан жолдама жеңіп алған 20 оқушының қатарында болып едік.

Алыс жол, ауылдан жыраққа алғаш шыққан 7-8 сынып оқушылары, біз үшін қызық, әрі бір жағынан қорқынышты болды. Өз басым лагерге алғаш баруым. Мен үшін басқалардан қай жақтан келгендерін, нені ұнататынын, отбасында қанша ағайынды екенін сұрап, сұрақтың астына ала бастады.

– Қыздар, бұйырса 20 күн бірге жүріп, бірге тұратын боламыз. Сондықтан бір үйдің қыздарындай тату, бауырмал болып, бірбірімізге қарайласып жүрейік. Барлығымыз лагерге бірінші рет келіп тұр екенбіз. Біріміз білмегенді, біріміз білерміз. Көмектесуден қашпайық! – деп күлімсіреді. Өзіме таңсық ортада бірден ашыла сөйлеу, мен үшін біртүрлі көрінгенімен, батылдық деп таныдым. Менімен жастылардың сөзге пысық, әр сөзді орынды пайдаланатындарының қатары аз. Өз басым алғаш кездестіруім. Мүмкін содан болар ерекше көрінгені. Әңгімелесу барысында бізге шынайы әңгіменің қаншалықты керек екені қатты байқалды. Не керек, бірнеше сағаттың ішінде Сандуғаштың арқасында, қалған 4 қыз жайлы толық ақпарат алып үлгердік. Сол күннен бастап бөлмедегі қыздар қайтқанша бірге болдық.

Алғашқы 3 күніміз тым қызықсыз болды. Телефонды беретін күнді асыға күтіп, санап жүретінбіз. Қолымызға тие сала соншалықты сағынып, отбасымызға хабарласуға емес, әлеуметтік желіге кіруге асығатынбыз. Қазір ойлап қарасам, сол кездерде телефонға жете алмай, өзімізді немен алдандырып, немен айналысарымызды білмеппіз.

Қызық-ай. Гаджетке үйір болғаным сонша, ұялы телефонсыз өзімді отрядта қоярға жер таппадым. Құдды бір адасып кеткен өзге ғаламшарлық сияқтымын. Әдетте санамда сайрайтын түрлі қиял тоқтап қалды, өйткені, ойлайтыным мүмкін емес оқиғалар еді. Алайда арада бір-екі апта өткен соң бұның бәрі маған ғаламтордың берген ойы екеніне анық көзім жетті.

Соншалықты виртуалды әлемге тәуелді екенбіз. Расымен, арамызда Сандуғаш ерекше еді. Ол телефонды қолына ала сала анасына хабарласуға асығатын. Бізге де үнемі солай жасау керек екенімізді айтатын. Не керек, Сандуғаш лагерь бойы бізге жол көрсетіп, жөн сілтеп жүрді. Осы лагерде алғашқы би кешіне (дискотекаға) бардық. Оған жиналуымыздың өзі қызық. Онда да Сандуғаштың ақылына жүгініп, айтқанын тыңдадық. Біріне-бірі ұқсамайтын қызықты күндер өтіп жатты. Келгенімізге 10 күннен асты. 4-топтың оқушылары бір-бірімізге үйреніп те алғанбыз. Қалжыңдасып, ойнайтынбыз.

Бірде күтпеген оқиға орын алды. Біздің топтағы Жарас түскі демалыс уақыты

кезінде жүгіріп кіріп, айқай салып бәрімізді шошытпасы бар ма. Бөлмедегі қыздар у-шу болдық та қалдық. Жарасқа ұрысып, бөлмеден итеріп шығарып жатырмыз. Кенет төсекте отырған Сандуғашқа көзім түсіп кетті. Аппақ боп бозарып, қолын кеуде тұсына қойып алыпты. Жанына екі аттап жетіп бардым.

– Сандуғаш, не болды саған? Қай жерің? – деп сұрай беріппін қорыққанымнан. Ол біраз үнсіз отырып, ақырын ғана:

– Қазір басылады – деді. Қыздар Сандуғашқа лагердің мейірбикесін шақырып, тәлімгеріміз Жарасқа ұрысып, ойыннан от шығатынын түсіндіріп әлек. Мейірбике Сандуғашқа дәрісін беріп, дәрігерлік корпусқа түнеуге алып кетті. Түнімен көз ілмедім. Сандуғашқа әбден бауыр басып қалыппын. Таң атысымен медкорпусқа жүгірдім. Кіре салып жағдайын сұрай бастадым. Сандуғаштан туылғанынан жүрек ауруының бар екенін естідім. Қайран қалдым. Осы дертіне қарамастан оның өмірге деген құлшынысы, жаңалыққа жаны құмар болуы, әр жанды жатсынбай жақын тартуы, өзі отбасында жалғыз перзент бола тұра бауырмал болуы мені қайран қалдырды. Лагерде болған күндер ішінде Сандуғаштан көп дүниені үйрендім, әңгімелесудің маңызын түсініп, шынайы қарым-қатынастың орнын ешбір әлеуметтік желінің толтыра алмасын ұғып, өмірге басқаша көзбен қарауды үйрендім. Біздің өмір қызығынан алыс қалғанымызды түсініп, ойлана бастадым. Мені мазалаған ой, осы лагерден кеткеннен кейін бәрі бұрынғыдай болатыны.

Қайтар күнде келіп жетті, біз қыздармен қоштасып, жолға шықтық. Ауылымызға аман-есен жетіп, отбасымызға оралдық. Сандуғашпен автовокзалда қоштасып, телефон нөмірімізді жазып алдық. Дәл 2-ші тоқсанның басталған кезінде келген едік. Келгеннен кейін алғашқы айларда хабарласып тұрдық. Кейін мен ұялы телефонымды жоғалтып алып, байланысымыз үзілді. Мен үшін Сандуғашпен сөйлеспей жүру алғашында қиын болды. Уақыт өте келе үйреніп те қаласың. Міне, өмірге басқаша қарауға, бағалауға үйреткен құрбымды бүгін қайта табу мен үшін ерекше бақыт. Туған әпкемді көргендей қуанып, сағынышымды басып, әңгімелесіп тұрғанымызда уақыттың өте шыққанын да байқамаппыз. Қас қарайып кетті. Әңгімемізді ұялы телефон үні бұзды. Сабақтан қайтқан мені ата-анам іздеп, хабарласып жатыр екен. Лагерден кейін ұялы телефон мен үшін тек байланыс әрі ақпарат іздеу құралы болып қалды. Рахмет саған «Балдәурен», рахмет саған Сандуғаш!

Гаухар АЖМЕТОВА,
Б. Құндақбаева атындағы
№ 1 орта мектептің
7 «а» сынып оқушысы.
КӨКСУ АУДАНЫ

ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

Туған жердің тұтіні ыстық

Ақынға тағзым

Ғасырлармен бірге өрілген еңбегі,
Өлеңдері жүрегімді тербеді.
Қамын жеген қарапайым қазақтың,
Айтайын ба, есімі оның кім еді?

Әрине, ол бар қазақтың мақтаны,
Ұрпақтары еңбектерін жаттады.
Абай атты ұлы тұлға есімін,
Білері анық ғаламның әр жастары.

Өрге сүйреп қараңғылау еліңді,
Ғұмыр кешіп күреспенен төзімді.
Ұлытының ұлылығын аңсаумен,
Абай хакім мәңгілікке көз ілді.

Жарық шашқан қазақтың жер, көгіне,
Қайталанбас тұлғасың сен елімде.
Жүрегімнің орын алған төрінен,
Ұлы ақынсың Ұлы дала жерінде.

Шабыт алып, қуаттанған өзінен,
Нәр алатын кемел ойлы сөзінен.
Ақындыққа құлшындырған мені де,
Ең бірінші себепші адам өзің ең.

Сарыбұлағым

Сарыбұлағым, сұлу төрім, кенішім,
Жан берер ем керек болса сен үшін.
Бар сұлулық тең келмейтін ғажайып,
Тау мен далаң тапқандай бір келісім.

Табиғаттың сыры тұнған төсінде,
Бақыт, байлық еселеніп өсуде.
Бейбіт елің берекесі жарасқан,
Бауырыңда тыныш ғұмыр кешуде.

Тауларыңнаң тарихымды ұғындым,
Байрайыңда өскен ерке қызыңмын.
Арасында сен жүресің қашанда,
Менің жазған әрбір шумақ жырымның.

Кетсем дағы ауылымнан ұзақтап,
Көңілімде сен қаласың тұрақтап.
Сұлу бейне, сенің саумал ауаңды,
Өзімменен бірге әкетем жыраққа ап.

Қазақ қызы

Мақтанышым, қазақ қызы намысым,
Сұлу келбет, тең келмейтін әз мүсін.
Елдігімнің мәртебесін асырған,
Беделі үстеп, берері мол арысым.

Сақ ханшайымы Тұмар ханым бастаған,
Қайсарлықтан Кир патшада жасқанған.
Назым, Гауһар, Ұлжан, Зере сияқты,
Апалардың өмірі де бір дастан.

Жастайынан жауға аттанған өздері,
Маншүк пенен Әлияның іздері.
Сайрап жатыр менің туған даламда,
Өр рухтың өнегесі ол өйткені.

Бибігүлдей кім көрсетер ерлікті,
Сарбаздарды тәтті әуенмен елітті.
Хиуаз қыздай көкті тілген қырандар,
Жақындатып берлі емес пе Жеңісті.

Айта берсең барлығы да мықтылар,
Отан үшін отқа аянбай түсті олар.
Қазақ қызын қадірлеген жандарға,
Әрқашанда бақыт күліп, бақ қонар.

Ақбота БАЙМЕДЕЛ,
Сарыбұлақ ауылдық орта
мектебінің 11-сынып оқушысы,
КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

ФОРУМ СОЦИАЛЬНЫХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ

КАК ПЕРЕДАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА АЛМАТИНСКОЙ ГОРОДСКОЙ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ, В АЛМАТЫ СОСТОЯЛСЯ ФОРУМ СОЦИАЛЬНЫХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ. ПЛОЩАДКА ФОРУМА СОБРАЛА СОЦИАЛЬНЫХ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ЮЖНОЙ СТОЛИЦЫ ДЛЯ РЕШЕНИЯ ВОПРОСОВ РАЗВИТИЯ СОЦИАЛЬНОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА В КАЗАХСТАНЕ. МЕРОПРИЯТИЕ БЫЛО ОРГАНИЗОВАНО ПРИ ПОДДЕРЖКЕ КАФЕДРЫ МЕНЕДЖМЕНТА И МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ЭКОНОМИКИ ИНСТИТУТА УПРАВЛЕНИЯ ПРОЕКТАМИ ИМ. Э.ТУРКЕБАЕВАSATBAYEV UNIVERSITY.

В официальной части модератор форума, заместитель директора по социальным вопросам Палаты предпринимателей г. Алматы Акеркин Эралиева и руководитель отдела по поддержке и развитию частного предпринимательства КГУ «Управление предпринимательства и инвестиций города Алматы» Адиль Жанкин дали разъяснение касательно Реестра субъектов социального предпринимательства и ответили на вопросы предпринимателей.

Проректор по академическим вопросам Satbayev University Бахыт Жаутиков отметил важность формирования молодых предпринимателей.

«Предприниматели постоянные гости нашего университета. Такие встречи очень важны для наших студентов. В настоящее время предприниматели выполняют огромную социальную функцию. История начинается 500 лет назад. В Англии создалась система такая, когда предприниматели помогали людям найти работу. Предприниматели создают рабочие места, люди работают, кормят свои семья. Это важное направление», – отметил Бахыт Жаутиков.

Заведующая кафедрой менеджмента и математической экономики Института управления проектами им. Э.Туркебаева Алия Турегельдинова рассказала о возможностях института для студентов с предпринимательской жилкой.

Институт управления проектами им. Е.А.Туркебаева готовит лидеров проектного менеджмента, способных управлять сложными проектами в самых разных отраслях. Институт работает на базе Satbayev University и является зарегистрированным провайдером образовательных программ PMI® (Институт управления проектами, Пенсильвания, США).

Президент Евразийской Ассоциации франчайзинга Бекнур Кисиков рассказал о возможностях социального франчайзинга.

«Чем создавать новый проект, стартап, лучше создать бизнес на проваренной модели. Чем рисковать и начинать с нуля, лучше перенять чужой успешный опыт. Быть социальным предпринимателем – это подвиг. Это сталкивание с административными барьерами, общество ментально не готово к этому направление. Поэтому социальные предприниматели сегодня это некие пионеры», – подчеркнул Бекнур Кисиков.

Спикер отметил ряд успешных предпринимателей в социальном направлении

и призвал начинающих предпринимателей тиражировать этот опыт.

В ходе форума предприниматели, многодетные мамы Акмарал Басирова, Шынар Баймуханова, Сандугаш Есенбекова поделились своим опытом в социальном направлении.

Акмарал Басирова сегодня успешный социальный предприниматель, председатель специальной комиссии по включению в реестр субъектов социального предпринимательства. Она руководит клининговой компанией «Ақ әлем», где ее сотрудники – это многодетные женщины и брошенные мужьями матери с детьми.

Сандугаш Есенбекова – многодетная мама и предпринимательница. Она исполнила детскую мечту – шить красивые и нужные людям вещи. Сандугаш открыла швейный цех, выиграв государственный грант по программам «Бастау бизнес» и Qoldaý. Здесь она шьет курак-корпе, приданое для невесты, шторы, покрывала, одним словом, все, что делает дом уютным и душевным. Сандугаш сама работает над дизайном работ, делая их непохожими на другие.

Шынар Баймуханова участвует в программе «Ментор» в Центре развития женского предпринимательства, организованной на базе Палаты предпринимателей «Атамекен». Она рассказала участникам форума свою историю успеха. Она с семьей в прошлом году купили участок. Они живут в частном доме, рядом с которыми разбили теплицы и открытые грядки. Так Шынар стала выращивать экологически чистые овощи.

«В моем понимании социальное предпринимательство – это симбиоз благотворительности и бизнеса. Социальный предприниматель оказывает помощь людям из социально уязвимых слоев населения. Здесь больше не о монетизации вашего бизнеса. Если вы честно ответите на вопрос сможете ли вы помогать людям, то вы с можете стать социальным предпринимателем. Потому что 50 процентов своего оборота вы должны снова инвестировать во благо тем людям, которых вы взяли под свое крыло», – сказала предприниматель Шынар Баймуханова.

Ш. ХАМИТОВ.

ЧИСЛЕННОСТИ НАСЕЛЕНИЯ

НАСЕЛЕНИЕ КАЗАХСТАНА ВЫРОСЛО НА 212 ТЫСЯЧ ЧЕЛОВЕК

Бюро национальной статистики представило обновленные данные о численности населения в Казахстане, передает корреспондент Tengrinews.kz.

Численность населения страны на 1 ноября 2022 года составила 19,7152 миллиона человек, в том числе городского 12,1691 миллиона (61,7 процента), сельского – 7,5461 миллиона (38,3 процента) человек.

По сравнению с началом 2022 года численность населения увеличилась на 212 тысяч человек, или на 1,1 процента. Естественный прирост населения республики за январь – октябрь 2022 года по сравнению с январем – октябрем прошлого года (222,3 тысячи человек) снизился на 0,6 процента и составил 221 тысячу человек.

Общий коэффициент естественного прироста на 1000 населения составил 13,51 человека.

В результате обработки сведений, содержащихся в записях актов гражданского состояния, представленных органами РАГС, число родившихся за январь – октябрь 2022 года составило 333,1 тысячи человек, что на 11,4 процента меньше, чем за соответствующий период 2021 года (375,9 тысячи человек).

Общий коэффициент рождаемости на 1000 человек составил 20,37 родившихся. В рассматриваемом периоде число умерших составило 112,1 тысячи человек, что на 27 процентов меньше, чем в январе — октябре 2021 года (153,6 тысячи человек).

Общий коэффициент смертности составил 6,86 умерших на 1000 человек. За январь – октябрь 2022 года в республике зарегистрировано 2 684 умерших младенца в возрасте до 1 года, и по сравнению с соответствующим периодом 2021 года (3 020 умерших младенцев) количество уменьшилось на 11,1 процента.

Коэффициент младенческой смертности составил 8,06 случая на 1000 родившихся.

В результате обработки сведений, предоставленных органами миграционной службы, в январе – октябре 2022 года число прибывших в страну составило 12 926 человек, число выбывших из страны – 21 875 человек, сальдо миграции составило 8 949 человек. Основной миграционный обмен страны происходит с государствами СНГ. Доля прибывших из стран СНГ составила 85 процентов, выбывших – 84,4 процента от общего числа мигрантов. Численность мигрантов, переезжающих в пределах страны, увеличилась на 3,2 процента.

По межрегиональным перемещениям положительное сальдо миграции населения сложилось в трех регионах страны: Алматы (30 388 человек), Астана (29 086 человек) и Шымкент (2 311 человек).

КОРРУПЦИЯ

Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. В этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана.

ПРИНЦИПЫ БОРЬБЫ С КОРРУПЦИЕЙ

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена Главой государства К.К.Токаевым. В частности в одном из своихвыступлении Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев отметил, что борьба с коррупцией является одним из приоритетов стратегического развития страны. И в этом направлении реализован ряд важных задач: Казахстан вступил в международную организацию ГРЕКО, законодательно введено освобождение руководителей за коррупционные правонарушения подчиненных, усилена работа по экспертизе нормативно-правовых актов на коррупционные риски.

Только эффективное сдерживание коррупции общепризнанное условие построения правового государства. В государственной программе борьбы с коррупцией отмечается, что коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций и негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны.

Для борьбы с коррупцией в республике сформирована законодательная база, а именно: Закон «О противодействии коррупции», указ президента «О мерах по усилению борьбы с коррупцией, укреплению дисциплины и порядка в деятельности госорганов и должностных лиц», а также ряд программ, нацеленных на сокращение размеров теневой экономики, борьбу с правонарушениями в сфере экономики и т.д.

Сатжан СЕИТКЕРИМ,
старший судебный пристав Коксуского районного суда.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БРИФИНГ

ЖАҢА ҚАРҚЫНМЕН ҚҰРЫЛУДА

Облыста бұқаралық спорт пен спорттық инфрақұрылымды дамыту аясында ауыл спортын өркендетуге басымдылық берілді. Өңірдің спорт, мәдениет салаларындағы атқарылған жұмыстар жайымен облыс әкімінің орынбасары Рустам Әли БАҚ өкілдерімен кездесуде айтты.

Бүгінде облыста 1715 спорт нысаны мен 6 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жұмыс істейді. Алдағы уақытта 8 нысанды іске қосу жоспарлануда.

Қазіргі таңда 2 дене шынықтыру-сауықтыру және 3 спорт кешені заманауи талаптарға сай жабдықталмақ. Атап айтсақ, Алакөл ауданындағы Лепсі және Достық ауылында құрылыс жұмыстары басталды. Сонымен қатар Талдықорған, Сарқан қаласындағы спорт алаңдары қайта жаңғыртылуда. Ал, Текелідегі дене шынықтыру кешенін салу бойынша құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Одан бөлек, Сарыөзек ауылындағы орталық стадион мен Басши ауылындағы күрес залын салу жұмыстар жүргізілуде.

«Ауыл спорты бойынша облыс екіге бөлінгелі бері екі нысан ашылды. Ол жоғарғы спорт шеберлік мектебі және футзал клубы. Сонымен қа-тар ұлттық спорт бойынша бізде мекеме болған. Алайда ол ескіргендіктен біз қайта жаңғырту жұмыстарын қолға алып жатырмыз. Ат спорты жастар арасында өте кең қолданыстағы спорт», – дейді облыс әкімінің орынбасары.

Биыл облыс бойынша республикалық және халықаралық жарыстарда 2118 медаль жеңіп алынды. Оған халықаралық дәрежедегі 15 және 77 спорт шебері, 372 спорт шеберіне кандидат дайындалды. Алдағы уақытта спортшылар мен олардың бапкерлеріне арналған арнайы марапат тағайындалатын болады.

Жалпы облыста 819 дене шынықтыру және спорт ұжымы бар. Бұл спортпен қамтудың 37,6-ын құрап тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылға дейін бұл көрсеткішті 50-ға дейін көтеру көзделіп отыр.

Өңірде ерекше күтімге мұқтаж жандар да назардан тыс қалмады. Мәселен, бүгінде «Облыстық мүгедектерге арналған мамандандырылған спорт мектебінде» спорттың 23 түрі бойынша секциялар жұмыс істейді, оған мүмкіндігі шектеулі жандар қатысады, студенттердің жалпы контингенті 380 адамды құрайды. Олардың спорт саласына қызығушылық танытатындарының саны 1320 адамды құрайды.

Спорт саласын дамыту жұмыстары өз нәтижесін беруде. 2022 жылдың соңында жетісулық спортшылар 3 халықаралық және 21 республикалық жарысқа қатысып, жоғары нәтижеге қол жеткізді.

«Жетісу» волейбол командасы Ұлттық лиганың әйелдер командалары арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатының 8 дүркін чемпионы. Қазақстан Республикасы кубогының 8 дүркін иегері, суперкубогының 3 дүркін иегері атанды. «Бесарыс» хоккей командасы өткен жылы Азия кубогында ерлер құрамасы 3-орынға ие болды. Ел чемпионатында ерлер арасында 1 орын, әйелдер арасында 1 орынды иеленді. 2023 жылдың ақпан айында құрама Оңтүстік Африкада өтетін әлем чемпионатына қатысады», – дейді спикер.

2022 жылдың тамыз айынан бері Жетісу өңірінің спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда жалпы саны 2118 медаль жеңіп алды. Жыл басынан бері 15 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 77 спорт шебері, 372 спорт шеберіне үміткер және 129 бірінші разрядты спортшы дайындалды.

«2022 жылы Жетісу өңірінде дене шынықтыру мен спортты дамытуға бюджеттен 11,2 млрд теңге бөлінді. Дене шынықтыру және спорт саласында көрсеткіштерді жақсарту және жоғары нәтижелерге қол жеткізу бойынша жұмыстар жалғасын табады», – деді Рустам Әли.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ДЖИУ ДЖИТСУ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

ИСПАНИЯНЫҢ МАЛЬГРАТ ДЕ МАР ҚАЛАСЫНДА ДЖУИ ДЖИТСУДЫҢ КОМБАТ ТҮРІНЕН ӨТКЕН ӘЛЕМ БІРІНШІЛІГІНДЕ ЖЕТІСУЛЫҚ ЖЕРЛЕСІМІЗ АРУЖАН ЖАҚАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ. ДҮБІРЛІ ДОДАҒА ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ 25 ЕЛІНЕН 43-КЕ ТАРТА СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ.

Аружан қыздар арасында 50 келі салмақ дәрежесінде сайысқа түсіп, барлық қарсыласын айқын басымдылықпен жеңді. Әлемдік аренада лайықты өнер көрсетіп, жүлдемен оралған чемпионды туған жері, достары мен туыстары құшақ жая қарсы алды.

Аружан Асанқызы Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Н. Есеболатов ауылының тумасы. Қазіргі таңда Алматы қаласында номер 1 АҚМГП колледжінің 2 курс студенті. Спортқа ең алғаш 8 жасында келді. Ауылдағы мектепте бапкері Азат Мұсабаев ағайымен боксты үйрене бастады. Кейіннен джуи джитсудың комбат түріне ауысып, жаттыға бастады. 9-шы сыныпты бітіріп, қалаға оқуға түскен Аружан бапкерінің ұсынысы бойынша Джиу-джитсу және дзу-дзутцю комбат федерациясының президенті Қанат Тлеумбетовтың залына барып дайындығын одан әрі жүргізеді.

«Қанат сэнсейдің тренировкасы қызық өтетіні сонша, бірде бір жаттығуын қалдырмаймын. Ол кісінің де көзіне бірден түстім. Әуелі мені Қазақстан чемпионатына дайындап бастады. Кейіннен Қазақстан чемпионы болған соң, сенен әлем чемпионын жасаймын деп дайындықты күшейте түсті», – дейді Аружан.

Бапкерінің айтуынша, Аружан алдына қойған мақсатынан қайтпайтын, ойла-ғанына жете білетін, қайтпас қайсар мінезді болып өсті.

«Аружанды 2 сыныптан 10 сыныпқа дейін өзім дайындадым. Қазіргі таңда Алматы қаласында Қанат Тілеумбетов ағайымен дайындалып, Испания мемлекетіне сборный Қазақстан командасымен барды. Өзім бара алмасам да, онлайн байланысты үзбей отырдым. Өзіне деген күш жігері мен сенімділігін арттыруға тырыстым. Оқушымның жетістігі – менің жетістігім. Ол қандай да бір биік белесті бағындырса, менің де сол асуды бағындырғаным болып саналады», – дейді Азат Мұсабаев ағынан жарылып.

Аружанның алға қойған мақсаты бір жерде тоқтап қалмай, одан әрі шыңдалып, әр жыл сайын әлемдік деңгейде еліміздің көк туын желбіретіп, әнұранын шырқата беру, әлемдік деңгейде спортшыларды жаттықтыру.

Қазақстанның атын шығарған жерлесімізді алған жүлдесімен шын жүректен құттықтап, одан әрі де биік белестерді бағындыра беруін тілейміз!

А. БЕЙСЕНҒАЛИҚЫЗЫ.

БИЛЬЯРД

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАРЫС

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 35 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ «ЖАСТАР» СПОРТ САРАЙЫНДА БИЛЬЯРДТАН ОБЛЫСТЫҚ ЖЕКЕЛЕЙ ЧЕМПИОНАТ ӨТТІ.

Ардагерлер арасындағы жарысқа 12 бильярдшы қатысты. Бәсекенің ашылу салтанатында Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт сөз сөйлеп, доданың маңыздылығына тоқталды.

– Құрметті жарысқа қатысушылар, бүгінгі чемпионаттың орны бөлек. Республикалық ардагерлер ұйымының құрылғанына 35 жыл толып отыр. Осы аралықта ардагерлердің атқарған ісі көп. Қоғамдық өмірде белсенділік танытып, саяси тұрғыда да өздерінің мүмкіндіктерін толықтай атқарып, қолдау білдіріп отырды. Сонымен қатар жастарға үлгі-өнеге болып, түрлі жарыстарға қатыстыңыздар. Жуырда Талдықорған қаласында бильярдтан халықаралық турнир өтті. Байрақты бәсекеде Жетісу облысының командасы жоғары көрсеткішке қол жеткізді. Осындай ірі додаға қатысу арқылы біз жастарға саламатты өмір салтын ұстануды насихаттаймыз. Бүгінгі додамыз құтты болсын, барлығыңызға сәттілік тілеймін, – деп сөзін түйіндеді.

Әр ауданнан іріктеліп келген ардагер бильярдшылар сайысқа түсті. Арасында ірі додаларға қатысқан сақа спортшылар бар. Тас түйін дайындықпен келген ойыншылар өздерінің шеберліктерімен көз-ге түсіп, жарысты тамашалаған жұртты таңтамаша етті.

Осылайша бір күнді спорттық жарысқа арнаған ардагерлер арасындағы чемпионатта 1-орынды Панфилов ауданының спортшысы Бахтияр Құрбанов алса, 2-орынды талдықорғандық Дәулет Туғанбаев місе тұтты. Үздік үштікті ақсулық Ыдырыс Сәдуақасов пен талдықорғандық Геннадий Чарцев қорытындылады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

КӨҢІЛ ПЕРНЕСІ

ЖЕЛТОҚСАН ЖЕЛІ ЫЗҒАРЛЫ

Тәуелсіздік – еліміздің басты байлығы. Оған қол жеткізудің оңайға түспегені рас. Азаттықтың жолында қаншама рухты азаматымыз құрбан болып, Отан үшін жандарын тәуекелге тікті. Тәуелсіздік үшін алаңға шыққан көтеріліске биыл 36 жыл.

Осы орайда желтоқсан көтерілісін көзбен көріп, оқиғаның бел ортасында болған Бекбол Сыдық ағамыздың жазбасын жариялауды жөн көрдік.

«Сол жылдары В.И.Ленин атындағы политехникалық институттың 2 курсында оқып жүрген едік. Бұл оқу орны орталық алаңға жақын маңда орналасқан. Осы бір саяси жаңалықты да алғашқылардың бірі болып естідік. Бір-ақ күнде Д.Қонаевты алып тастап, Қазақстанды мүлде білмейтін, бөтен Г.Колбин деген адамды қойыпты деген сөздер халық арасында тарады.

Алғашқылардың бірі болып алаңнан табылдық. Мына сурет сол кезден қалған естелік.

Есте қалған этюдтер
(36 жыл өткен соң)

...Жанға батса кім қалғандай аянып,
Жалын жастар бейне Жейхун дария
Жол шетінде ақ таяғын таянып,
Жылап тұрды ақ сақалды қария.
... Аман ба екен ақ баталы абыз қарт?

Буырқанса ел азаттық іздеген
Бір ғана алаң тарлық етер сірә да.
Біл Алладан медет сұрап, мінбеден
Бата берді ақ жаулықты бір ана.
... Аман ба екен ақ тілеулі кейуана?

Бір жас ұлан жарқ етті, елең еткізіп,
Дауысымен қайырғандай түндікті.
Жеті-ақ ауыз сөзбен айтып жеткізіп
Жетпіс жылда айтылмаған шындықты.
Аман ба екен жаны жайсаң азамат?

Жүйріктердің жалдарында ойнаған,
Жауға шапқан қыздар аз ба, даламда?
Бір жас ару жанары оттай жайнаған
Бір топ қызды бастап келді алаңға.
... Аман ба екен сол аяулы қарындас?

Бабаларға арман болған бұл таңдар
Биіктерге тіктік бақыт жалауын.
Барыс жылғы желтоқсаннан от алған
Мәңгі өшпесін азаттықтың алауы!
... Аман болғай ақ тілеулі еліміз!

Құттықтаймыз!

Талдықорған қаласындағы «Жерұйық» ЖШС директоры, Ардагерлер ұйымының төрағасы

КЕРІМБЕКОВ АҚШАБАЙ ДҮЙСЕМБЕКҰЛЫ

жеті асудың бел ортасы 75 жасқа толып отыр. Облыстың әлеуетін арттыруға үлес қосып жүрген ақылшы, дананың бірі десек артық айтқандық емес. Оның ұрпақ тәрбиесіне, қоғам саласына да сіңіріп отырған еңбегі зор. Халқына қадірлі, еліне елеулі, ортаға сыйлы жанды осы бір мерейлі белесімен құттықтай отырып, деніне саулық тілеймін. Өмір-жолы қуаныш пен қызыққа толы болсын дей отырып, төмендегі өлең шумақтарын арнаймын.

Келді жетпіс бес жас бұл,
Самал желдей тербеліп.
Аппақ ниет тілектер,
Жаныңызға дем беріп.

Денсаулығыңыз мықты боп,
Әр күніңіз жандансын.
Отбасының алдында,
Шырайлы атсын таң да шын.

Күлімдеңіз шаттана,
Әрбір күннен бақ таба.
Жетпіс бестің көріңіз,
Қуанышын тек қана.

Ізгі ниетпен:
Серік апа.

ТӘМСІЛ

Байлық пен кедейлік

Бірде ауқатты отбасының отағасы кішкентай ұлын ауылға, малшылардың ортасына ала барыпты. Адамдардың тұрмысының қаншалықты кедей екендігін өз көзімен көрсін деген ойы болған. Олар өте кедей тұратын отбасында бір күн және бір түн болыпты. Үйіне оралғасын әке баласына мынадай сұрақ қойыпты:

– Қалай, саған сапарымыз ұнады ма?

– Әке, бұл бір ғажап болды!

– Адамдардың қаншалықты кедей болатынын өз көзіңмен көрдің бе? – деп сұрапты әкесі.

– Иә, көрдім.

– Ал осыған қарап не ұқтың? Ұлының жауабы:

– Біздің үйде бір итіміз болса, олардың төрт төбеті бар екен. Бақтың ортасында біздің хауызымыз болса, олардың ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін шексіз, шетсіз теңіз айлағы бар екен. Бақшамызда шам жағамыз, ал олар жарықты жұлдыздардан алады. Біздің ауланың сыртында патио бар, ал оларда – керілген көкжиек.

Ұлының жауабын естіген әкенің тілі байланып қалыпты. Ал ұлы сөзін былай жалғапты:

– Әке, көп рахмет, сен маған біздің қаншалықты кедей екендігімізді көрсеттің. Бәрі де мына жарық дүниеге қандай қырынан қарауыңа байланысты болып отыр ғой. Шынайы сүйіспеншілігі, достары, отбасы, денсаулығы, жақсы көңіл-күйі мен өмірге құштарлығы бар адамда бәрі де болады. Алайда жоғарыда көрсетілгеннің ешқайсысын да ақшаға сатып ала алмайсың. Ойыңа келген материалдық игіліктердің кез келгенін сатып алуға болады, тіпті келешекке қор жасау мүмкіндігі де бар. Бірақ көңілің тоқ болмаса, жан-дүниеңқаңыраған бос болса, бұның бәрі бекер, құр әурешілік, өзің де қуыс дөңбексің! Сенен не үміт, не қайыр?!

bilim-all.kz сайтынан алынды.

СӨЗ ЖОҚ

Абай көшесі

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. НҰРЖАПАР.

Алатау
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.
Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 1229
Индекс 15534